Переход от родового общества к классовому оказал решающее влияние как на развитие сказки в целом, так и на процесс сказочной циклизации. Появление нового художественного контекста, обусловленного объективными изменениями в обществе, способствовало дальнейшей эволюции образа Ивана в сказке. Так, смена матриархата патриархатом, минората майоратом, феодализма капитализмом повлекла за собой появление различных типов Ивана — царевича, дурака, купца и т.д. Каждый из них, став героем сказки в определенный период ее развития, объединил вокруг себя группу сюжетов на одну тему. В свою очередь тема, актуальная в условиях «переходного» общества, повлияла на концепцию образа, ставшего номинационным центром сюжетной группы. Иначе говоря, каждой сюжетной группе об Иване соответствовала определенная тема, созвучная проблемам своего времени. Следовательно, процесс циклизации сюжетных групп вокруг Ивана, в силу своей хронологической длительности, объединил в себе произведения на разные темы, которые могут быть условно сформулированы следующим образом:

1. тема борьбы человека с природными стихиями (сюжетная группа об Иване-богатыре);
2. тема защиты традиций матриархального рода (сюжетная группа об Иване-царевиче);
3. тема социально обездоленного героя периода смены минората майоратом (сюжетная группа о «низком» герое; переходная группа об Иване Незнайке);
4. тема «демократического» героя периода смены феодализма капитализмом (сюжетная группа об Иване-авантюристе).

Таким образом, циклизация вокруг Ивана, обнаруживая тематическую общность в пределах отдельно взятых групп, осуществляется в стадийно разные периоды развития общества, популярным героем которого долгое время остается Иван.

Длительная популярность образа Ивана привела не только к межсюжетной, но и к межжанровой миграции героя в другие виды сказки. Функционируя преимущественно в волшебном-фантастическом

контексте, образ Ивана постепенно проникает в авантюрную и бытовую сказки. В результате этого в системе сказочных образов появляются Иван-купец и Иван — истинный дурак, что свидетельствует об естественном процессе взаимодействия жанровых видов. Иван, вопреки законам жанра, покидает волшебную сказку и тем самым делает циклическую организацию диффузной.

Заключение

Сюжеты об Иване демонстрируют устойчивую тенденцию к циклизации. Несмотря на генетическое родство, они различаются художественными интерпретациями главного героя, представленного в разных типах: эпическом (Иван-богатырь, Иван-царевич), «низком» (Иван-дурак, Иван-Незнайка) и авантюрном (Иван-купец, Иван-солдат). Циклизация осуществляется по нескольким принципам: номинативному (объединение сюжетов вокруг Ивана), биографическому (описание рождения и взросления, характерное для богатырских сюжетов), историческому и тематическому (связаны с социальными изменениями).

Циклизацию стимулирует популярность образа Ивана, а не конкретная тема. Сказка стремится проследить его путь, приближаясь к эпической форме. Однако она не достигает уровня эпоса, поскольку не использует повсеместно биографический принцип. Это объясняет, почему циклизация остаётся незавершённой. Объединяя преимущественно «мужские» сюжеты, она отражает жанровую эволюцию сказки и её переходные формы.

Список литературы

- 1 Померанцева Э. В. Судьбы русской сказки / Э. В. Померанцева. — М.: Наука, 1965. — С. 88-89.
- 2 Давлетов К. С. Фольклор как вид искусства / К. С. Давлетов. — М.: Наука, 1966. — С. 354.
- 3 Новиков Н. В. Образы восточнославянской волшебной сказки / Н. В. Новиков. — Л.: Наука, 1974. — С. 37.
- 4 Каскабасов С. А. Казахская несказочная проза / С. А. Каскабасов. — Алма-Ата: Наука, 1990. — С. 35.
- 5 Мелетинский Е. М. Герой волшебной сказки. Происхождение образа / Е. М. Мелетинский. — М., СПб.: Академия исследований культуры, Традиция, 2005. — 240 с.
- 6 Березкин Ю. Е. Мотив как идеальный тип, или Трикстерские эпизоды в евразийском фольклоре / Ю. Е. Березкин // Фольклор: структура, типология, семиотика. — 2022. — Т. 5. — № 1. — С. 10–29. DOI: 10.28995/2658-5294-2022-5-1-10-29
- 7 Былинкина В. В. Цикл как форма художественного произведения в искусстве: теоретический аспект / В. В. Былинкина // Искусство и культура. — 2022. — № 1 (45). — С. 20–24.
- 8 Иванова Т. Г. «Малые» очаги северорусской былинной традиции: исследования и тексты / Т. Г. Иванова. — Санкт-Петербург: Дмитрий Буланин, 2001. — 454 с.
- 9 Неклюдов С. Ю. Поэтика эпического повествования: Пространство и время / С. Ю. Неклюдов. — М.: РГГУ, 2001. — 321 с.
- 10 Силантьев И. В. Мотив как системная единица фольклорного и литературного повествования / И. В. Силантьев // Фольклорный мотив: инструмент анализа и объект изучения: материалы Международного круглого стола / сост.: О. Б. Христофорова, В. А. Черванёва. М.: РГГУ, 2021. — С. 12-22.
- 11 Цивьян Т. В. Семиотические путешествия / Т. В. Цивьян. — Санкт-Петербург: Изд-во Ивана Лимбаха, 2001. — 248 с.
- 12 Андреев Н. П. Указатель сказочных сюжетов по системе Аарне / Н. П. Андреев. — Л., 1929.
- 13 Сравнительный указатель сказочных сюжетов. Восточнославянская сказка / под ред. Л. Г. Барага. — М.: Наука, 1979. — 436 с.
- 14 Афанасьев А. Н. Народные русские сказки. Вып. 1–8 / А. Н. Афанасьев. — М., 1855–1864.
- 15 Ончуков Н. Е. Северные сказки / Н. Е. Ончуков. — СПб., 1908.
- 16 Худяков И. А. Великоорусские сказки / И. А. Худяков. — М., 1860–1862.
- 17 Пропп В. Я. Морфология сказки / В. Я. Пропп. — М.: Иллюминатор, 2023. — 224 с.
- 18 Аникин В. П. Русская народная сказка / В. П. Аникин. — М.: Просвещение, 1977. — С. 129.

Д.В. Дьяков

Иван бейнесінің эволюциясы фольклорлық циклдену контекстінде

Мақала Иван батырдың бейнесі төңірегінде көп мағыналы көркем табиғатпен біріктірілген орыс халық ертегілерінің циклизациясы мәселесіне арналған. Тақырыптың өзектілігі жанрлық, поэтикалық және әлеуметтік динамика контекстінде Иванның барлық негізгі типін жан-жақты талдаудың болмауымен анықталады. Зерттеу XIX-XX ғасырлардағы 768 орыс халық ертегісі мәтініне сүйеніп, тарихи-типологиялық, құрылымдық-семантикалық және мотивтік талдау әдістерін қолданады. Зерттеудің мақсаты — Иван бейнесінің көркемдік тұжырымдамасын және оның нұсқаларын анықтау, сондай-ақ Иван қатысатын сюжеттердің циклденуін зерттеп, оның себептері мен механизмдерін, белгілерін айқындау. Автор Иван туралы сюжеттерді жүйелеуге және фольклорлық циклденудің тұрақты механизмі бар екенін дәлелдеуге ұмтылады. Нәтижесінде Иванның бес негізгі типі және циклизацияның төрт қағидаты анықталды. Иван бейнесінің эволюциясы қоғамдық сананың тотемистік ұстанымдардан әлеуметтік және патриархалды үлгілерге қарай өзгеруімен байланысты екені дәлелденді. Иван әртүрлі сюжеттерді біріктіретін номинациялық орталық ретінде қызмет атқаратыны және сюжеттердің циклденуі ертегінің жанрлық эволюциясын бейнелейтіні, бұл үдеріс батыр бейнесінің эпостық кейіпкерден авантюристке дейін түрленуімен қатар жүретіні анықталды. Иван бейнесінің тұрақтылығы мен танымалдығы оның тарихи-әлеуметтік жағдайлардың өзгерісіне бейімделе алу қабілетімен, сонымен қатар ертегі баяндауындағы орталық рөлін сақтап қалуымен түсіндіріледі.

Кілт сөздер: фольклорлық циклдену, номинациялық орталық, ертегі кейіпкері Иван, сюжет түрі, бейненің эволюциясы.

D.V. Dyakov

The Evolution of the Image of Ivan in the Context of Folkloric Cyclization

The article examines the phenomenon of folkloric cyclization in Russian folk tales centered on the figure of Ivan—a character of complex artistic nature. The relevance of the study stems from the lack of a comprehensive analysis of the main types of Ivan within the framework of genre, poetic, and sociocultural dynamics. The research is based on 768 Russian fairy tales from the 19th-20th centuries and employs historical-typological, structural-semantic, and motif analysis methods. Its aim is to identify the artistic concept of Ivan and his variants, as well as to analyze the cyclization of plots involving him, determining its causes, mechanisms, and characteristics. The author systematizes the plots about Ivan and substantiates the existence of a stable mechanism of folkloric cyclization. As a result, five key types of Ivan and four principles of cyclization are identified. The evolution of Ivan's image is shown to be shaped by the transformation of collective consciousness—from totemic worldviews to social and patriarchal models. The study demonstrates that Ivan functions as a nominative center integrating various plot groups, and that the cyclization of plots reflects the genre evolution of the fairy tale, accompanied by the transformation of the hero's image—from an epic figure to an adventurer. It is argued that the enduring popularity and narrative stability of Ivan arise from his ability to adapt to changing historical and social contexts while maintaining a central role in the tale.

Keywords: folkloric cyclization, nominative center, Ivan in fairy tales, plot type, evolution of the character.

References

- 1 Pomerantseva, E. V. (1965). *Sudby russkoi skazki* [The Fates of the Russian Fairy Tale]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Davletov, K. S. (1966). *Folklor kak vid iskusstva* [Folklore as a Form of Art]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Novikov, N. V. (1974). *Obrazy vostochnoslavianskoi volshebnoi skazki* [Images of the East Slavic Wonder Tale]. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 4 Kaskabasov, S. A. (1990). *Kazakhskaiia neskazochnaia proza* [Kazakh Non-Fairytale Prose]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 5 Meletinskii, E. M. (2005). *Geroi volshebnoi skazki. Proiskhozhdenie obraza* [Hero of a fairy tale. Origin of the image]. Moscow, Saint Petersburg: Akademiia issledovaniia kul'tury, Traditsiia [in Russian].
- 6 Berezkin, Yu. E. (2022). Motiv kak idealnyi tip, ili Trikstorskie epizody v evraziiskom folklоре [Motive as an ideal type, or Trickster episodes in Eurasian folklore]. *Folklor: struktura, tipologii, semiotika — Folklore: structure, typology, semiotics*, 5(1), 10–29. DOI: 10.28995/2658-5294-2022-5-1-10-29

- 7 Bylinkina, V. V. (2022). Tsikl kak forma khudozhestvennogo proizvedeniia v iskusstve: teoreticheskii aspekt [The cycle as a form of a work of art in art: theoretical aspect]. *Iskusstvo i kultura — Arts and culture*, 1(45), 20–24 [in Russian].
- 8 Ivanova, T. G. (2001). «*Malye*» ochagi severorusskoi bylinnoi traditsii: issledovaniia i teksty [“Minor” Centers of the Northern Russian Bylina Tradition: Studies and Texts]. Saint Petersburg: Dmitry Bulanin [in Russian].
- 9 Neklyudov, S. Yu. (2001). *Poetika epicheskogo povestvovaniia: Prostranstvo i vremia* [Poetics of Epic Narrative: Space and Time]. Moscow: Rossiiskii gosudarstvennyi humanitarnyi universitet [in Russian].
- 10 Silantev, I. V. (2021). Motiv kak sistemnaia edinita folklornogo i literaturnogo povestvovaniia [Motif as a systemic unit of folklore and literary storytelling]. *Folklorny motiv: instrument analiza i obekt izucheniia: materialy Mezhdunarodnogo kruglogo stola — Folklore motive: a tool of analysis and an object of study: materials of the International Round Table*. Moscow: Rossiiskii Gosudarstvennyi Gumanitarnyi Universitet [in Russian].
- 11 Tsvyryan, T. V. (2001). *Semioticheskie putesthestviia* [Semiotic Journeys]. Saint Petersburg: Izdatelstvo Ivana Limbakha [in Russian].
- 12 Andreev, N. P. (1929). *Ukazatel skazochnykh siuzhetov po sisteme Aarne* [Index of fairy tales according to the Aarne system]. Leningrad [in Russian].
- 13 Barag, L. G. (1979). *Sravnitelnyi ukazatel skazochnykh siuzhetov. Vostochnoslavianskaia skazka* [Comparative index of fairy tales. East Slavic fairy tale]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 Afanasev, A. N. (1885). *Narodnye russkie skazki* [Russian folk tales]. Moscow [in Russian].
- 15 Onchukov, N. E. (1908). *Severnye skazki* [Northern tales]. Saint Petersburg [in Russian].
- 16 Khudiakov, I. A. (1860). *Velikorusskie skazki* [Great Russian fairy tales]. Moscow [in Russian].
- 17 Propp, V. Ya. (2023). *Morfologiya skazki* [Morphology of a fairy tale]. Moscow: Illuminator [in Russian].
- 18 Anikin, V. P. (1977). *Russkaia narodnaia skazka* [The Russian Folk Tale]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].

Information about the author

Dyakov, Dmitry Viktorovich — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda Buketov National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: diakovd@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6113-6065>

А.А. Макатова^{1*}, А.А. Әбсадық²

^{1,2}А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
(e-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru)

XIX ғасырдағы қазақ фольклорының баспаға жариялануы («Дала уалаяты газеті» негізінде)

Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мерзімді түрде басылып отырған «Дала уалаяты газетінде» жарияланған қазақ фольклорының үлгілері жан-жақты қарастырылған. Мерзімді басылым бетінде қазақ фольклор мысалдарының таралуы мен жариялануы талданған. Аталмыш мақалада «Дала уалаяты газетінің» әртүрлі жылдар аралығында жарияланған қазақ фольклор үлгілері терілді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы уақыт аралығында қазақ фольклорының жариялану мәселелері қамтылған. Жүргізілген зерттеулердің негізінде авторлар тарапынан ең жиі кездесетін мақал-мәтелдер, ғұрыптық фольклор, сондай-ақ қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қатысты материалдар мен жоқтау өлеңі терілді. Жинақталған материалдардың өзіндік ерекшеліктері талданды. Терілген мысалдардың мазмұны сипаттау әдісі арқылы тұжырымдалды. Мерзімді басылым бетіндегі қазақ фольклор үлгілері жүйелеу әдісі арқылы жанрлық ерекшелігіне қарай жіктеледі. Газет беттерінде жарық көрген фольклорлық материалдар қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетінің ерекшеліктерін бейнелейді, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттау мен фольклор мұраларын жинақтау мен сақтауда маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Дала уалаяты газеті» қазақ фольклорын жинау, жариялау және оны жазба нұсқада таратуға ықпал еткен алғашқы басылымдардың бірі саналады. Мақалада қазақ фольклорының мерзімді басылымдарда жариялануының әдеби маңыздылығы айқындалып, олардың қазақ фольклорын зерттеудегі орны мен рөлі анықталады. Аталмыш мақалада «Дала уалаяты газеті» фольклористиканың маңызды дереккөзі ретінде зерделенген. Зерттеу барысында ғұрыптық фольклорға қатысты төрт мысал мен көркем фольклор жанрына жататын 22 мақал-мәтел ұсынылады. Авторлар қазақ фольклорының кең таралуына ықпал еткен мерзімді басылымдардың бірі ретінде «Дала уалаяты газетінің» рөлін айқындап, оны фольклористиканың құнды дереккөзі ретінде ұсынады. Осы деректер негізінде газет материалдары қазақ халқының рухани мұрасын сақтау мен таратуда маңызды қызмет атқарғаны дәлелденді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде «Дала уалаяты газетінің» мерзімдік басылымы фольклорды әдебиеттану мен фольклортану тұрғысынан зерттеуге негіз болғандығы айқындалды. Мақала қазақ фольклорының жариялану дәстүрін жаңаша қырынан қарастыруға мүмкіндік береді және болашақ зерттеулерге теориялық-әдістемелік бағыт ұсынады. Қорытындылай келе, «Дала уалаяты газеті» қазақ фольклорлық мұраларын жинақтау, сақтау, жариялау және тарату ісіне айтарлықтай ықпал еткені дәлелденді. Мақалада қазақ фольклорының мерзімді баспасөзде жариялану үдерісі саралана отырып, оның әдебиет пен фольклористикадағы ғылыми сипаты айқындалды.

Кілтi сөздер: «Дала уалаяты газеті», қазақ фольклоры, фольклористика, ғұрыптық фольклор, мақал-мәтел, мерзімді басылым.

Kipicne

XIX ғасырдың соңында шыққан мерзімді басылымдардың бірі — «Дала уалаяты газетінің» фольклорға байланысты зерттеудің жеткіліксіздігі осы тақырыпты таңдауға түрткі болды. XIX ғасыр соңындағы мерзімдік басылымдарда қазақ фольклорлық жанрлардың баспа бетіне жариялану мәселесі өзекті зерттеу объектісі ретінде қарастырылуда. Зерттеу жұмысының басты мақсаты — XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген мерзімді басылымдардағы, атап айтқанда «Дала уалаяты газетінің» беттерінде жарияланған қазақ фольклоры үлгілерін жан-жақты ғылыми тұрғыдан саралау. Бұл мақсатқа жету барысында аталған басылымдағы фольклорлық мәтіндердің жанрлық ерекшеліктері талданып, олардың қазақ рухани мәдениетіндегі орны мен ғылыми құндылығы анықталады. Қазіргі таңда қазақ фольклоры — ұлттық руханият пен мәдени мұраны зерделеудің маңызды саласына айналып отырғаны белгілі. Соның ішінде «Дала уалаяты газетінің» фольклорлық мұраларды жинау, жариялау және тарату үдерісіндегі рөлі — зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Бұл газет өз дәуірінде қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінің

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru

маңызды құжаты еді. Қазіргі таңда қазақ фольклоры ғылымының негізгі дереккөзіне айналды. Сол кезеңдегі халық ауыз әдебиетінің, оның ішінде фольклорлық үлгілердің газет бетінде жариялануы ұлттық мұраның сақталуы мен дамуына айрықша ықпал етті. Сондықтан «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген қазақ фольклор үлгілерін зерттеу — ұлттық мұраны сақтап, оның ғылыми айналымға енуіне үлес қосатын өзекті тақырыптардың біріне жатады. Аталған газет өз дәуірінде қоғамдық ойды қалыптастырумен қатар, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін баспа бетіне шығару арқылы ұлттық мұраны жүйелеу мен сақтау ісіне айрықша үлес қосты. Зерттеу барысында газеттің фольклорлық мәтіндерді жариялау тәжірибесі, олардың тарихи-мәдени контекстегі мәні және сол кезеңдегі қазақ қоғамының рухани кеңістігіндегі ықпалы жан-жақты қарастырылады. Осы арқылы баспасөздегі фольклорлық мәтіндердің ғылыми айналымға ену жолдары мен маңызын ашу көзделеді. Мақалада фольклорлық жанр түрлері — мақал-мәтелдер, отбасылық ғұрыптық фольклор мен салт-дәстүрлер жинақталды және негізгі зерттеу нысаны болып табылды.

Материал және әдістері

Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына дейін мерзімді түрде басылып отырған «Дала уалаяты газетінің» шығарылымдары негізгі материал ретінде қолданылды. Әр жыл сайын басылып отырған ресми газет бетіндегі қазақ фольклор үлгілері мен мысалдары да негізгі материал көзіне жатады. Біздің тарапымыздан газет бетінен терілген барлық фольклор үлгілеріне талдау, жинақтау және сипаттау әдістері пайдаланылды. Фольклор мысалдарын теру кезінде жинақтау және жүйелеу әдісі қолданылды. Жүйелеу әдісі фольклордың жанры мен типологиясына сай жүргізілді. Яғни, мысалдар ғұрыптық және көркем фольклор түрлеріне байланысты жіктелді. Бұл ғылыми зерттеу XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ фольклорын жариялау және баспа бетіне шығару тәжірибелерін зерттеуге бағытталған. Зерттеудің басты мақсаты — қазақ фольклор мұраларын жүйелі түрде жариялаудың маңыздылығын айқындау. Атап айтқанда, фольклор материалдарын жүйелі түрде таратудың маңыздылығын ашу мен жариялаудағы рөлін көрсету басты мақсат.

Нәтижелер және талқылау

«Дала уалаяты газетінде» жарияланған материалдар қазақ фольклорының алғаш рет жүйелі түрде хатқа түсуіне ықпал етті, алайда олардың өңделу және жариялану үдерісі әлі де зерттеуді қажет етеді. Бұл зерттеу сол кезеңдегі фольклористика саласының дамуы мен оның қазіргі қазақ әдебиеті үшін маңыздылығын көрсетеді. Бұл бағытта қазақ фольклорын зерттеу және жариялау туралы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектерінде шолу жасалынды. Мәселен, N. Zhussupov, M. Baratova, G. Zhussupova, Ye. Zhussupov, K. Mukusheva-ның «Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century» атты ғылыми мақаласында қазақ фольклорының мақсатты түрде жинақталу жолдары мен зерттелу деңгейі туралы құнды материалдар кездеседі [1]; шетелдік ғалым Н.А. Урсегованың «У истоков русской музыкальной фольклористики Сибири (20-40-е гг. XX в.)» [2] мақаласында Сібір тарихындағы музыкалық фольклор орындаушылары туралы баяндаса; А.Т. Ташекова, Н.К. Жүсіпов, Ә.К. Шапауов «Қазақ және татар үйлену жоралғыларының фольклорлық ерекшеліктері (Бекмұрат Уахатов зерттеулерінің негізінде)» атты мақаласында қазақ және татар фольклорындағы үйлену рәсімінің ерекшеліктерін салыстырады [3]. Ал Д. Мәсімханұлы, А. Әбиденқызы «Қытайдағы түркология: түркі әдебиеті мен фольклорына қатысты зерттеулер» атты мақаласында әлемдік мәдениет диалогы бағытындағы фольклорлық зерттеу жүргізсе [4]; балалар фольклорының әртүрлі жанрларының лексикалық ерекшеліктерін анықтаудың және олардың жалпы және мәдени ерекшеліктерін сипаттаудың маңыздылығы туралы Л.С. Токпаева, Г.А. Кузембаева, Д.П. Спунбер «Сравнительный анализ лексических средств казахского, русского и английского детского фольклора» деген ғылыми мақаланы жарияласа [5]; мерзімдік басылымдар жайында Қ. Атабаев «Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918)» атты докторлық диссертация авторефератының [6] «Түркістан уалаятының газеті» және «Дала уалаятының газетінің» қазақ тарихын зерттеудегі деректік маңызы мен орыны» атты екінші тарауының «Қазақ баспасөзінің пайда болуы: тарихи алғышарттары, мақсаты мен міндеттері» атты бөлімінде қазақ тілінде шыққан газеттің белсенді авторлары мен олардың рөлі терең зерттеледі. Шетелдік ғалымдар Т.В. Илларионова, А.В. Роговскаяның «Свадебная обрядность и фольклор оренбургских казаков Южного Урала в публикациях и исследованиях» [7], отандық ғалым Д.С. Жақанның «Алаш қайраткерлерінің ұлттық фольклор жайындағы ғылыми ой-пікірлері» [8],

Н. Набиолла, Ж. Ошанның «Қытайдағы қазақ фольклоры: Абылай ханға байланысты тарихи жырлар мен аңыздар» [9] атты еңбектерде фольклорды жинау және жариялау бағытындағы іргелі еңбектер қатарына жатады.

Зерттеуші Н.А. Атаханова, Г.Б. Аяпованың «Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихилығы, жанрлық белгілері» атты ғылыми мақаласында: «Жалпы әлемдік фольклортану ғылымында фольклорлық шығармаларды сюжеті, салт-дәстүрге қатысы, айтылу мақсаты мен орнына қарай үлкен екі салаға бөлетіні белгілі. Олар: *ғұрып фольклоры* және *көркем фольклор*. Ғұрып фольклорына тұрмыс-салт жырлары, мұң-шер өлеңдері, үйлену салт жырлары және т.б. халық поэзия жанрлары жатады. Көркем фольклор құрамына қазақ эпостары, ертегілері, хикаялар және сол сияқты сюжетті халық поэзиясы мен проза жанрларын жатқызамыз» [10] десе, Г.К. Шахажанова «Ғалым С. Қасқабасовтың хикаялары туралы зерттеулері» еңбегінде: «фольклор жанрының өзгеруі мен дамуы қоғамдық дамудың өзгеруімен, қатынастардың екінші түрге ауысуымен байланысты» [11] екендігіне назар аударады.

Соңғы жылдары фольклортану ғылымында жаңа теориялық ұстанымдар мен әдіснамалық бағыттар белсенді қолданылуда. Мәселен, Б.Т. Нұриман «Әлемдік фольклортанудағы «перфоманс» (performance) теориясы және оның түркі фольклорындағы көрінісі» атты ғылыми мақаласында: «XX ғасыр басынан бері фольклорлық мәтінді талдауға қатысты әртүрлі көзқарас қалыптасып, зерттеудің де түрлі әдісі ұсынылды. Солардың бірі ретінде «Перфоманс» (Performance) теориясы, зерттеу нәтижесіне қарағанда «перфоманс» теориясының мақсаты — фольклорлық мәтінді айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі аясында жақ-жақты қарастыру. Үшеуінің бір-біріне әсерін ескеру, сол арқылы қорытынды жасау маңызды» [12] секілді тың көзқарастар ұлттық мұраны жаңаша пайымдауға жол ашты.

Сондай-ақ А.Ш. Пангереев, М.Р. Балтымованың «Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде» атты ғылыми мақаласында: «Қазақ халқының тұрмыс-салты мен ата-баба дәстүрінен сыр шертетін, өткен өмір көрінісімен бірге тығыз дамып келе жатқан дәстүрлі мәдениетті қалыптастырудағы фольклор жанрының жүздеген жылдар бойы дамып, өркендеп келе жатқан үлкен ғылым екендігі көрсетілген», — десе [13]; Н.Қ. Жүсіпов, М.Н. Баратованың «Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық еңбегі» атты ғылыми мақаласында: «...мұндай фольклордың барлық жанрларын қамту тәрізді жинаудың академиялық түрін өз кезінде белгілі фольклорист ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеевтің де жинаушылық қызметтерінде кездесуі — бәрі қазақ фольклорын қағазға түсіруде белгілі бір ортақ сарындастықтың, жинаушылық қызметтегі тәжірибе үндестігінің т.б. болғанын дәлелдейді», — [14] дейді.

Бұдан бөлек, қазақ фольклортану ғылымына қатысты ой-пікірлер жинақталған зерттеулерге Г.С. Сағынадиннің «Фольклордағы синкреттілік: жанр және термин (А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» негізінде)» [15]; А.С. Сатыбалдиннің «Қажым Жұмалиевтің фольклортанудағы ізденістері» [16], сондай-ақ фольклорды жинақтаушылар жайында Н.К. Жусупов, М.Н. Баратованың «Фольклористическая деятельность ученых алаш: Машхур Жусип Копеев» [17]; Н.Қ. Жүсіпов, М.Н. Баратова, Е.Қ. Жүсіпов, А.А. Курметованың «Мәшһүр Жүсіптің мәдени мұрасы: аңыздар» [18] атты еңбектерін атап өтуге болады.

Бұған дейін фольклортану, ақпараттану бағытында сөз болмаған тың тақырып төңірегінде С. Медеубек «Фольклорлық ақпараттың мәні мен маңызы» атты мақалада: «Тұңғыш рет «фольклорлық ақпарат» деген терминді ұсынады да, оның табиғатын ашады. Фольклорлық ақпараттың халық жадында сақталуын, жанрлық-стадиалық бөлінісін, мазмұндық-пішіндік сипаттарын, атқаратын қызметіне қарай түрленуін тұңғыш рет ғылыми негізде айқындалуы» [19] туралы ой қозғаса, А.К. Матаева, С.Б. Жұмағұл, А. Дәлелбекқызының «XX ғасырдың соңы XXI ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы: әдебиет тарихын жаңаша танымда зерттеудегі ізденістер» [20], Б. Нұриманның «Әлемдік фольклортанудағы “Фольклордың төрт функциясы” теориясы» [21], А.Т. Ашенованың «Мерзімді баспасөзде көтерілген фольклорды жинау мәселесі» [22], С.Р. Тойбекованың «Әлкей Марғұлан — фольклортанушы» [23], Е.Р. Рахимовтың «Ағартушы-демократ Г.Н. Потанин және қазақ халқы» [24] атты еңбектерде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында фольклорлық үлгілерді жинақтау мен баспа бетінде жариялау ісінің қарқын алғандығы туралы баяндайды. Бұл бағыттағы ізденістер фольклорлық мұраның жан-жақты ғылыми талдауға мүмкіндік тудырады.

Сонымен қатар С. Қасқабасов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, М.Ж. Көпейұлы секілді тұлғалардың фольклористикадағы орны мен үлесі жаңа зерттеулерде тереңірек қарастырылуда. Бүгінгі таңда қазақ

фольклоры тек ғылыми зерттеу нысаны ғана емес, ұлттық кодты сақтаудың, мәдени жадыны жаңғыртудың құралы ретінде де маңызға ие. Баспа беттерінде жарияланған фольклорлық мұралар — ұлттық дүниетанымды, дүниежүзілік фольклортанумен үндестікте қарастыруға мүмкіндік беретін бағалы дереккөздер.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижелері әлемдік фольклортану ғылымындағы жіктеу негізінде іске асырылды. Яғни, бірінші, ғұрып фольклорына мысалдар жинақталса, екінші, көркем фольклор мұраларына жататын, мақал-мәтелдер мен жоқтау өлеңіне мысал жинақталды.

«Дала уалаятының газеті» қазақ фольклорын жариялап баспаға шығарушы негізгі ақпарат көзі. Мақалада қазақ фольклор үлгілерінің нұсқалары жылдар бойынша теріліп талдауға түсті.

Әуелі, ғұрып фольклорына жататын мысалдарға назар аударсақ. 1890 жылы «Баянауылдан» [25; 110-117] атты мақалада қазақтың ғұрыптық фольклорына жататын *құда болу, қыз алысу* тақырыбы баяндалады. 1890 жылы басылған нөмірде «Жоқтау» [25; 137-140] өлеңі жарияланған. 1895 жылы «Қырғыздағы Рамазан айт» атауымен жарияланған [25; 413-417] мақала шыққан. Бұл мақаланың кіріспесі ораза ұстау мен жақсылық істеу туралы мағлұматтан басталады. Негізгі бөлімі айт мерекесіне арналған. *Бәйге, қыз қуу*, содан кейін жерден *күміс теңгені алу ойыны, көкпар тарту* секілді ұлттық ойындар суреттеледі. Бұндай мереке үш күн я мұнан да көбірек болады. Газет бетінде жарияланған мәтін қазақ халқының салт-дәстүрі мен ойындарын сипаттайды. Газет бетінде жарияланған мақалада фольклорлық элементтер қатарына дәстүрлі ойын атаулары және оларды өткізу ережесі жатады. Себебі, бұл ойындар қазақ халқының тұрмыс-салты мен мәдениетін көрсететін маңызды фольклорлық үлгілер.

Сол кезеңде жарияланған бұл жазба мәтіні XIX ғасырдың аяғында қазақ халқының діни мерекелерді қалай атап өткенін көрсететін тарихи дереккөз болып саналады. Бұл жазба қазақ халқының дәстүрлі ойындарының сол кезеңде сақталғандығын және олардың маңыздылығын айқындайды. Бұл басылым қазақ фольклоры мен дәстүрлерін зерттеу кезінде маңызды, себебі, онда қазақ халқының діни сенімі мен мәдениеті қамтылған. Ұлттық ойындардың сипатталуы қазақ қоғамының сол кезеңдегі өмір салтын түсінуге мүмкіндік береді.

Келесі фольклорлық мысалға 1896 жылы «Қазақтардың рәсім, әдеттерін үйрену тұрғысынан» [25; 553-555] атауымен көлемді басылған мақаланы жатқызамыз. Мақала үзіндісінде: «Әр халықтың жүріс-тұрысы, мінезі, рәсімі әртүрлі болып, әрбір істі өз рәсімінше біледі. ...халықтың өз ішінен шыққан себепті әркім-ақ оны біледі һәм әрқайсысы соның жөнімен жүреді», – деп қазаки рәсімдерді білудің маңыздылығы мен қажеттілігі айтылады.

«Кім халықтың рәсімін білмесе, ол кісі халықтың өзін де білмейді. Бірақ халық арасында жүрмегендіктен рәсімнің қайсы бірі уақыт өткен сайын ұмытылады яки жүріс-тұрыстың, мекенінің жайына қарай оған қосылады, не бұзылып, бір түрге түседі. Сол себепті халықтың жөнін, рәсімін ұмытпасқа жазу керек» дейді. Бұл арқылы фольклорды жариялау мен сақтаудың маңызы айқындалады. Сонымен қоса мақала мәтінінде рәсімдердің әртүрлі болу себептері көрсетіледі: «1. Қазақ халқының рәсімі бірдей емес, әртүрлі бұл тұрған жеріне, руына (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) қарай, оның үшін Орал тауындағы қазақтардың рәсімі Сырдария облысындағы қазақтарға ұқсамайды. 2. Орыс қазақтың жүріс-тұрысын білмейді, олардың рәсім, жөн, жолын біле кою онай емес» [25; 554]. Талданған мысалдар ғұрыптық фольклор жанрын толықтырады.

Көркем фольклор мұралары ішінен мерзімдік басылым беттерінде *мақал-мәтелдер* жиі кездеседі. 1890 жылы жарияланған басылымдардан 15 мақал-мәтел терілді. Мәселен, «*Бітер істің басына, жақсы келер қасына*» (111 бет), «*Бар мақтанса табылады, жоқ мақтанса шабылады*» (113 бет), «*Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы*» (113 бет), «*Келін келсе аяғынан, шопан келсе таяғынан*» (113 бет), «*Алып (яғни батыр, балуан) анадан*» (115 бет), «*Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» (115 бет), «*Ұлың өссе ұлы жақсымен ауыл бол, қызың өссе қызы жақсымен ауыл бол*» (115 бет), «*Опаға барған ағарады, күйеге барған қараяды*» (115 бет), «*Қатын алма, қайын ал, жақсы көрген тамырдың атын алма, тайын ал*» (115 бет), «*Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш*» (115 бет), «*Адал сүт емген бала болса, сүтпен берген мінез сол бағытымен кетеді*» (116 бет), «*Қатынды бастан, баланы жастан*» (117 бет), «*Ілгері қайдан жүрсе, соңғы сонан жүрер*» (125 бет), «*Көлдің құты келсе, қотаны бірге кетеді*» (169 бет), «*Дұғамен ер көркейер, жаңбырмен жер көркейер*» (174 бет).

Төменде мақал-мәтелдерге мағыналық талдау жасалынды.

«*Бітер істің басына, жақсы келер қасына*». Игі істің басында әрдайым жақсы адамдар жүреді, қай істі бастамас бұрын оны қолдайтын, жөн сілтейтін жақсы адамдардың болуы маңызды. Тіпті бір жұмыс аяқталуға таяғанда да, абыройлы, беделді жандар оның сәтті бітуіне ықпал етеді.

«*Бар мақтанса — табылады, жоқ мақтанса — шабылады*». Барлық нәрсеге қол жеткізген адам мақтанса, оның мақтанышы орынды болады. Ал жетістігі жоқ адам мақтанса, оны жұрт мазақ қылып, шындыққа сай келмейтін сөздерін әшкерелейді. Бұл мақал адамның өз жағдайын шынайы бағалап, бекер мақтанбауы керектігін ескертеді.

«*Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы*». Байлықтың аты — байлық. Тіпті бай адам ешкімге көмектеспесе де, оның бар болуының өзі айналасына белгілі бір әсерін тигізеді. Сол сияқты майлы тағамды жемесе де, оның сапасы мен құндылығы жоғары екені белгілі. Бұл мақал тұрмыстағы шындықты көрсетеді.

«*Келін келсе — аяғынан, шопан келсе — таяғынан*». Жаңа түскен келіннің қимыл-қозғалысынан, жүріс-тұрысынан қандай адам екені байқалады. Сол сияқты шопанның мал бағудағы тәжірибесін оның ұстаған таяғынан аңғаруға болады. Бұл мақал адамды оның әрекеттеріне қарап тануға болатынын білдіреді.

«*Алып (батыр, балуан) анадан*». Ерлік пен батырлық қасиеттер тектен келеді. Батыр ұлды дүниеге әкелетін де, оны тәрбиелейтін де — ана. Сондықтан ананың рөлі өте маңызды, өйткені ұрпақтың негізі ананың ақ сүтімен, тәлім-тәрбиесімен қалыптасады.

«*Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*». Бала кішкентайынан қандай тәрбие алса, өскенде соны қайталайды. Яғни, отбасындағы, ата-анасының берген үлгісі оның болашақ өміріне тікелей әсер етеді.

«*Ұлың өссе — ұлы жақсымен ауыл бол, қызың өссе — қызы жақсымен ауыл бол*». Баланың болашағын ойлаған адам оны жақсы ортаға бейімдеп өсіруі керек. Ұл жақсы азаматтардың арасында жүрсе, олардан өнеге алады. Қыз жақсы қыздармен араласса, инабатты, тәрбиелі болып өседі.

«*Опаға барған азарады, күйеге барған қараяды*». Адам кіммен араласса, соған ұқсайды. Жақсы ортада жүрген адам көркейіп, жақсылыққа бейімделеді, ал жаман ортада болған адам жамандыққа үйренеді.

«*Қатын алма, қайын ал, жақсы көрген тамырдың атын алма, тайын ал*». Мақал адамды өз таңдауларында сыртқы көрініске емес, ішкі мазмұнға назар аударуға шақырады. Әйел таңдағанда оның тек өзін емес, шыққан тегін, отбасын ескеру керек.

«*Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш*». Қыз баланың қандай екенін оның анасына қарап білуге болады, өйткені тәрбие мен әдет-ғұрып отбасынан келеді. Сол сияқты астың тазалығын оны дайындаушының ұқыптылығынан байқауға болады.

«*Адал сүт емген бала болса, сүтпен берген мінез сол бағытымен кетеді*». Анасының ақ сүтін адал емген, дұрыс тәрбие алған бала ешқашан жаман жолға түспейді. Адамның мінезі бала кезден қалыптасады. Ерте жасында сіңген тәрбие мен әдет кейін өзгеруі қиын.

«*Қатынды бастан, баланы жасстан*». Баланы кішкентайынан дұрыс бағытта тәрбиелеу керек. Өмірде адамның қалыптасуы ерте кезеңнен бастау алады.

«*Ілгері қайдан жүрсе, соңғы сонан жүрер*». Алдыңғы буын қалай жүрсе, кейінгі буын да сол жолмен жүреді. Үлкендердің ісі кейінгі ұрпаққа үлгі болады дегенді білдіреді.

«*Көлдің құты келсе, қотаны бірге кетеді*». Мақал молшылық пен береке келген жерде барлық тіршілік иелеріне әсер ететінін білдіреді. Егер бір жерге ырыс-құт, жақсылық келсе, сол жердегі барлық тіршілік иелері мен адамдар да молшылыққа кенеледі.

«*Дұғамен ер көркейер, жаңбырмен жер көркейер*». «Дұғамен ер көркейер» — адамның қадірі мен абыройы оған айтылған ізгі тілектер мен жақсы ниетке байланысты. Егер адам игі істер жасап, халықтың алғысын алса, оның беделі артады, өмірі мәнді болады. «Жаңбырмен жер көркейер» — жердің құнарлылығы мен әсемдігі суға, жаңбырға байланысты. Жаңбыр жауса, өсімдіктер өсіп, дала жасыл түске еніп, тіршілік нәр алады. Барлық мақал-мәтелдер халық даналығынан туған, өмірлік тәжірибеге негізделген.

1891 жылы және 1894, 1895 жылдары шыққан басылымнан 7 мақал терілді. Яғни, «*Сорлы балаға сорлы қатын жолығады*» (195 бет), «*Құдай тағала сақтағанды сақтармын*» (287 бет), «*Арам іске ант ішпе, айрандай жұғар*» (290 бет), «*Ерінбегеннің ырысы артық*» (295 бет), «*Ғылым түбі — ілім*» (354 бет), «*Оқу білген жарық, оқымағанның беті шарық*» (356 бет), «*Оқыған жарық, оқымаған қараңғы*» (434 бет) мақалдары жинақталды.

«*Сорлы балаға сорлы қатын жолығады*». Әркімнің тағдыры өзінің іс-әрекетіне байланысты деген мағынада.

«Құдай тағала сақтағанды сақтармын» деген. Адамның қадамын ойланып, андып басуы, өзіне де сақтықпен қарауы қажет екенін, бұл кейін үлкен бәледен сақтауы мүмкін екендігін білдіреді.

«Арам іске ант ішпе, айрандай жұғар». Өтірік немесе арамдық үшін берген уәде түбі өзіне зиян болып тиеді. Айран тез төгілетін, жұғатын зат болғандықтан, адамның абыройы да айрандай тез төгілетіндігін білдіреді.

«Ерінбегеннің ырысы артық». Тырысқан, еңбектенген адам молшылыққа жетеді. Жалқаулықтан сақтанып, еңбек етсең, берекең артады.

«Ғылым түбі — ілім». Нағыз ғылымның негізі — білім. Ілімсіз адам ғылымды терең түсіне алмайды.

«Оқу білген — жарық, оқымағанның беті — шарық». Білімді адам өмірде көзі ашық, әлемді басқа қырынан көре алады, ал оқымаған адам қиындық пен қараңғылықта ғана өмір сүреді деген мағынаны білдіреді.

«Оқыған — жарық, оқымаған — қараңғы». Адамның білім алу арқылы өз өмірін жақсартатынын көрсетеді. Оқып, білімді болған адам өз жолын табады, ал оқымағандар беймәлім қараңғылықта қалады.

«Дала уалаяты газетінде» жарық көрген мақал-мәтелдер — XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани болмысын, әлеуметтік қарым-қатынастарын, тәрбие мен тәлімдік бағдарларын танытатын маңызды мәтіндер. Аталған мақал-мәтелдердің баспа бетінде жариялануы — фольклорлық мұраның жазбаша формада сақталып, ғылыми айналымға түсуіне, сол дәуірдің рухани келбетін зерделеуге мүмкіндік береді. Қазақ фольклорының бай қазынасы саналатын мақал-мәтелдер — ұлттың дүниетанымын, өмір сүру салтын, моральдық-этикалық құндылықтарын терең бейнелейтін қысқа әрі нұсқа, көркем тілдік құрылымдар. Талдау барысында «Дала уалаяты газетінде» жарияланған мақал-мәтелдердің мазмұндық ерекшеліктері айқындалып, олардың қазақтың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудағы орны көрсетілді. Қорытындылай келе, «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген мақал-мәтелдерді талдау — фольклорлық мұраның тарихи-көркемдік болмысын ашып, қазақ халқының мәдени-рухани өмірінен сыр шертетін маңызды бағыт екені көрсетілді. Бұл мәтіндер — тек фольклорлық жанр үлгісі ғана емес, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан даналық ой-санасының, дүниетанымының көрінісі.

Қорытынды

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді баспасөзінің даму тарихында «Дала уалаяты газетінің» алар орны ерекше. Бұл басылым өз заманының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени үдерістерін ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының рухани дүниесін, оның ішінде фольклорлық мұрасын қағаз бетіне түсіріп, жүйелеу арқылы ұлттық мәдениетті сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге зор үлес қосты. Зерттеу барысында анықталғандай, «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген қазақ фольклорының үлгілері — сол дәуірдің мәдени болмысы мен дүниетанымын сипаттайтын құнды дереккөздер. Бұл фольклорлық материалдар жүйелі түрде хатқа түсіп, ресми баспа бетіне шығу арқылы ұлттық мұраны сақтаудың алғашқы сатысы ретінде танылады. Газет бетінде жарияланған ғұрыптық және көркем фольклор жанрларына жататын мәтіндер, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлік сипаттағы мақалалар мен жоқтаулар — барлығы да қазақ фольклорының жанрлық құрылымын айқындауға, мазмұндық-пішіндік ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл зерттеу фольклордың жай ғана ауызша мұра емес, сонымен қатар әдеби-мәдени ақпарат көзі, ұлттық рухани мұраның маңызды элементі екендігін дәлелдейді. Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген шолу мен салыстырмалы талдау нәтижесінде қазақ фольклортану ғылымының даму бағыттары, қолданылған әдіснамалық ұстанымдар, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеушілердің көзқарастары сараланды. Соның нәтижесінде «Дала уалаяты газетінде» жарияланған фольклорлық мәтіндердің әдеби ғылыми құндылығы айқындалды. Аталған басылым фольклорлық мәтіндерді жүйелі жариялау арқылы фольклорды құжаттандыру мен зерттеу ісінде алғашқы баспагерлік тәжірибе қалыптастырды. Бұл — фольклорды тек ауызша айту формасында ғана емес, жазба форматта сақтап, ғылыми айналымға енгізудің алғышарты болды. Демек, «Дала уалаяты газетінің» фольклорлық мұраларды жариялаудағы рөлі — бүгінгі фольклортану ғылымының дереккөздік негізін құрайтын өзекті зерттеу объектісі.

Зерттеу нәтижесінде «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген фольклор үлгілері ұлттық болмысты танып-білу мен сақтауда, мәдени мұраны ғылыми жүйелеуде маңызы зор екендігі дәлелденді. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш басылымның фольклорлық материалдары — тек

өткеннің куәсі ғана емес, болашақ фольклорлық зерттеулердің іргетасы бола алатын бағалы ғылыми ресурс ретінде бағалануы тиіс.

«Дала уалаяты газеті» фольклористиканың негізгі дерек көзі ретінде талдауға түсті. Нәтижесінде, ғұрып фольклорына тән 4 мысал, соның ішінде, 1890 жылы «Баянауылдан», 1890 жылы «Жоқтау» өлеңі, 1895 жылы «Қырғыздағы Рамазан айт», 1896 жылы «Қазақтардың рәсім, әдеттерін үйрену тұрғысынан» атты мысалдар мен көркем фольклор жанрына жататын 22 мақал-мәтел жинақталды. Мақал-мәтелдердің фольклорды танытудағы орнына мән беріліп, тиісті мысалдар теріліп, қорытындылар жасалынды. Демек, терілген мысалдар негізінде «Дала уалаяты газеті» қазақ фольклор мұраларын сақтау, жинау, жариялау және таратуға ықпал еткені анықталды. Дегенмен бұл тақырып әлі де терең зерттеуді қажет етеді. «Дала уалаяты газеті» секілді мерзімдік басылымдар халық мұрасын сақтау мен таратуда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Zhussupov N. Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century / N. Zhussupov, M. Baratova, G. Zhussupova, Ye. Zhussupov, K. Mukusheva // Sci. Herald Uzhhorod. Univ. Ser. Phys. — 2024. — № 56. — P. 833–843. DOI: <https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.84goe3>
- 2 Урсегова Н. А. У истоков русской музыкальной фольклористики Сибири (20–40-е гг. XX в.) / Н. А. Урсегова // Studia Litterarum, 2019. — Т. 4. — № 4. — С. 280–293.
- 3 Ташекова А. Қазақ және татар үйлену жоралғыларының фольклорлық ерекшеліктері (Бекмұрат Уахатов зерттеулерінің негізінде) [Мәтін] / А.Т. Ташекова, Н.К. Жүсіпов, Ә.К. Шапауов // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық сериясы. — 2024. — № 4. — Б. 404–414. DOI: <https://doi.org/10.48081/TKUL2688>
- 4 Мәсімханұлы Д. Қытайдағы түркология: түркі әдебиеті мен фольклорына қатысты зерттеулер [Мәтін] / Д. Мәсімханұлы, А. Әбиденқызы // М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының хабаршысы. «Керуен» ғылыми журналы. — 2023. — Т. 80. — № 3. — Б. 37–50. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-03>
- 5 Токпаева Л. С. Сравнительный анализ лексических средств казахского, русского и английского детского фольклора [Текст] / Л. С. Токпаева, Г. А. Кузембаева, Д. П. Спудбер // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика, 2024. — Т. 15. — № 1. — С. 107–125. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-1>
- 6 Атабаев Қ. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918). Тар. ғыл. д-ры ғыл. ... дисс. автореф.: маманд. 07.00.09 — Тарихнама, деректану және тарихи зерттеу әдістері, 07.00.02 — Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) / Қ. Атабаев. — Алматы, 2000. — 54 б.
- 7 Илларионова Т.В. Свадебная обрядность и фольклор оренбургских казаков Южного Урала в публикациях и исследованиях [Текст] / Т. В. Илларионова, А. В. Роговская // Научно-исследовательский журнал “Modern Humanities Success”. — 2024. — № 11. — С. 6-11. DOI: <https://doi.org/10.58224/2618-7175-2024-11-6-11>
- 8 Жақан Д. С. Алаш қайраткерлерінің ұлттық фольклор жайындағы ғылыми ой-пікірлері [Мәтін] / Д. С. Жақан // М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының хабаршысы. «Керуен» ғылыми журналы. — 2023. — Т. 81. — № 4. — Б. 105–118. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-08>
- 9 Набиолла Н. Қытайдағы қазақ фольклоры: Абылай ханға байланысты тарихи жырлар мен аңыздар [Мәтін] / Н. Набиолла, Ж. Ошан // Отан тарихы. — 2023. — Т. 26. — № 3. — Б. 582-593. DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_582-593
- 10 Атаханова Н. А. Фольклорлық мұралардың генезисі, тарихылығы, жанрлық белгілері [Мәтін] / Н. А. Атаханова, Г.Б. Аяпова // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2020. — № 2 (178). — Б. 29-35. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph4>
- 11 Шахажанова Г.К. Ғалым С. Қасқабасовтың хикаялары туралы зерттеулері / Г. К. Шахажанова // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. — 2023. — № 1. — Б. 376–385. <https://doi.org/10.48081/kxct2765>
- 12 Нұрман Б. Т. Әлемдік фольклортанудағы «перформанс» (performance) теориясы және оның түркі фольклорындағы көрінісі / Б. Т. Нұрман // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — Т. 138. — №1. — Б. 135–143. <https://doi.org/10.32523/2616-678x-2022-138-1-135-143>
- 13 Пангереев А. Ш. Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде / А. Ш. Пангереев М.Р. Балтымова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2020. — №3 (99). — Б. 91–95. <https://doi.org/10.31489/2020ph3/91-95>
- 14 Жүсіпов Н. Қ. Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық еңбегі / Н. Қ. Жүсіпов, М.Н. Баратова // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. — 2022. — № 4. — Б. 110–117. <https://doi.org/10.48081/txbe9344>
- 15 Сағынадин Г. С. Фольклордағы синкреттілік: жанр және термин (А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» негізінде) / Г. С. Сағынадин // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — № 3(144). — Б. 179–187. <https://doi.org/10.32523/2616-678x-2023-144-3-179-187>
- 16 Сатыбалдин А. С. Қажым Жұмалиевтің фольклортанудағы ізденістері / А. С. Сатыбалдин // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. — 2023. — № 1. — Б. 308–320. <https://doi.org/10.48081/jket2923>

- 17 Жусупов Н. К. Фольклористическая деятельность ученых Алаш: Машхур Жусип Копеев / Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова // Вестник Торайгыров университета. Филологическая серия. — 2023. — № 3. — С. 87–97. <https://doi.org/10.48081/viqb3198>
- 18 Жүсіпов Н. Қ. Мәшһүр Жүсіптің мәдени мұрасы: аңыздар / Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова, Е. Қ. Жүсіпов, А. А. Курметова // Торайгыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. — 2021. — № 3. — Б. 48–55. <https://doi.org/10.48081/uhtv1252>
- 19 Медеубек С. Фольклорлық ақпараттың мәні мен маңызы / С. Медеубек // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. — 2024. — № 2 (147). — Б. 180–198. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-180-198>
- 20 Матаева А. К. XX ғасырдың соңы ХХІ ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы: әдебиет тарихын жаңаша танымда зерттеудегі ізденістер / А. К. Матаева, С. Б. Жұмағұл, А. Дәлелбекқызы // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2022. — Т. 187. — № 3. — Б. 148–157.
- 21 Нұриман Б. Әлемдік фольклортанудағы “Фольклордың төрт функциясы” теориясы / Б. Нұриман // М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының хабаршысы. «Керуен» ғылыми журналы. — 2021. — № 3 (72). — Б. 57–64.
- 22 Ашенова А. Т. Мерзімді баспасөзде көтерілген фольклорды жинау мәселесі / А. Т. Ашенова // Фундаментальные и прикладные исследования: гипотезы, проблемы, результаты. — 2018. — С. 58–63.
- 23 Тойбекова С. Р. Әлкей Марғұлан — фольклортанушы / С. Р. Тойбекова // Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің хабаршысы. — 2021. — № 1 (50). — Б. 184–187.
- 24 Рахимов Е. Р. Ағартушы-демократ Г.Н. Потанин және қазақ халқы / Е. Р. Рахимов // Medieval history of central Eurasia. — 2024. — № 4 (6). — Б. 22–29.
- 25 Дала уалаятының газеті. — 1888–1902. Адам. Қоғам. Табиғат. / Құрастырушы Ү. Субханбердина. — Алматы «Ғылым», 1994.

А.А. Макатова, А.А. Абсадық

Издательство казахского фольклора XIX века (на основе «киргизской степной газеты»)

В статье рассматриваются образцы казахского фольклора, опубликованные в периодическом издании «Киргизская степная газета» конца XIX — начала XX веков. Анализируется процесс распространения и публикации фольклорных материалов на страницах этого издания. В работе представлены образцы казахского фольклора, опубликованные в разные годы в «Киргизской степной газете». Освещаются вопросы публикации казахского фольклора в период с конца XIX до начала XX века. На основе проведенного исследования выявлены наиболее часто встречающиеся жанры — пословицы, обрядовый фольклор, материалы, относящиеся к традициям и обычаям казахского народа, а также траурная поэзия. Анализируются их жанрово-стилевые и содержательные особенности. Содержание типизированных примеров описывается методом описания. Образцы казахского фольклора, опубликованные на страницах периодического издания, классифицируются по жанровой специфике методом систематизации. Фольклорные материалы, опубликованные на страницах газет, отражают особенности мировоззрения и культуры казахского народа, а также раскрывают значение пропаганды национальных ценностей, накопления и сохранения фольклорного наследия. Результаты исследования показали, что «Киргизская степная газета» является одним из первых изданий, способствовавших сбору, публикации и распространению казахского фольклора в письменной форме. В статье определяется литературная значимость публикации казахского фольклора в периодических изданиях, определяется их место и роль в изучении казахского фольклора. В данной статье «Киргизская степная газета» рассматривается как важный источник фольклористики. В ходе исследования представлены четыре примера ритуального фольклора и 22 пословицы, относящиеся к жанру художественного фольклора. Автор определяет роль «Киргизской степной газеты» как одного из периодических изданий, способствовавших широкому распространению казахского фольклора, и представляет ее как ценный источник фольклористики. На основании этих данных доказано, что газетные материалы сыграли важную роль в сохранении и распространении духовного наследия казахского народа. В результате проведенного исследования установлено, что периодическое издание «Киргизская степная газета» послужило основой для изучения фольклора с точки зрения литературоведения и фольклористики. Статья позволяет по-новому взглянуть на традиции издания казахского фольклора и предлагает теоретико-методическое направление для будущих исследований. В заключение доказано, что «Киргизская степная газета» оказала значительное влияние на сбор, сохранение, публикацию и распространение казахского фольклорного наследия. В статье анализируется процесс публикации казахского фольклора в периодической печати и определяется его научное значение в литературоведении и фольклористике.

Ключевые слова: «Киргизская степная газета», казахский фольклор, фольклористика, ритуальный фольклор, пословицы, периодические издания.

Publishing house of kazakh folklore of the 19th century (based on the kirghiz steppe newspaper)

The article examines in detail the samples of Kazakh folklore published in the *Kirghiz Steppe Newspaper* (Kirghizskaya Stepnaya Gazeta) at the end of the 19th and the beginning of the 20th centuries. It analyzes the dissemination, classification, and publication of folklore materials within this periodical. The study focuses on the representation of various folklore genres, including proverbs, ritual folklore, mourning poems, and texts reflecting the traditions and customs of the Kazakh people. The collected materials are analyzed in terms of their genre characteristics and thematic features using descriptive and systematization methods. The published folklore samples illustrate the worldview and cultural values of the Kazakh people and emphasize the importance of preserving national heritage through the printed press. The research demonstrates that the *Kirghiz Steppe Newspaper* was among the first publications to contribute to the collection, publication, and dissemination of Kazakh folklore in written form. It defines the literary and scholarly significance of publishing folklore materials in periodicals and identifies their role in the development of Kazakh folklore studies. The article presents four examples of ritual folklore and twenty-two proverbs, showing how these materials reflect artistic and social aspects of Kazakh oral traditions. The findings confirm that the *Kirghiz Steppe Newspaper* played an essential role in preserving and promoting the spiritual and cultural heritage of the Kazakh people. The study offers a new perspective on the publication traditions of Kazakh folklore and outlines methodological directions for further research.

Keywords: “Kirghiz steppe newspaper”, Kazakh folklore, folklore studies, ritual folklore, proverbs, periodicals.

References

- 1 Zhussupov, N., Baratova, M., Zhussupova, G., Zhussupov, Ye., & Mukusheva, K. (2024). Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century. *Sci. Herald Uzhhorod Univ. Ser. Phys.*, 56, 833–843.
- 2 Ursegova, N. A. (2019). U istokov russkoi muzykalnoi folkloristiki Sibiri (20–40-e gg. XX v.) [At the Origins of the Russophone Musical Folklore of Siberia (1920s–1940s)]. *Studia Litterarum*, 4(4), 280–293 [in Russian].
- 3 Tashekov, A. T., Zhussupov, N. K., & Shapauov, A. K. (2024). Qazaq zhane tatar uilenu zhoralgylarynyn folklorlyq erekshelekteri (Bekmurat Uakhatov zertteulerinin negizinde) [Folklore features of Kazakh and Tatar wedding ceremonies (based on research by Bekmurat Uakhatov)]. *Toraigyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyq seriia — Bulletin of Toraigyrov University. Philological Series*, 4, 404–414 [in Kazakh].
- 4 Massimkhanuly, D. & Abidenkyzy, A. (2023). Qytaidagy turkologiya: turki adebiyeti men folkloryna qatysty zertteuler [Turkology in China: studies of Turkic literature and folklore]. *M. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner institutynyn khabarshysy. «Keruen» gylimi zhurnaly — M.O. Auezov Institute of Literature and Art. Herald. “Keruen” scientific journal*, 80, 3, 37–50 [in Kazakh].
- 5 Tokpaeva, L. S., Kuzembayeva, G. A., & Spulber, D. P. (2024). Sravnitelnyi analiz leksicheskikh sredstv kazakhskogo, russkogo i angliiskogo detskogo folklora [Comparative Lexical Analysis of Kazakh, Russian and English Children's Folklore]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriia yazyka. Semiotika. Semantika — Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Series: Theory of Language. Semiotics. Semantics*, 15(1), 107–125 [in Russian].
- 6 Atabayev, K. (2000). Merzimdi basylm Qazaqstan tarikhynyn derek kozi (1870–1918) [Periodical source of the history of Kazakhstan (1870–1918)]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Illarionova, T. V., & Rogovskaya, A. V. (2024). Svadebnaia obriadnost i folklor orenburgskikh kazakov Yuzhnogo Urala v publikatsiiakh i issledovaniakh [Wedding rituals and folklore of the Orenburg Cossacks of the Southern Urals in publications and research]. *Nauchno-issledovatel'skii zhurnal “Modern Humanities Success” — Research Journal “Modern Humanities Success”*, 11, 6–11 [in Russian].
- 8 Zhakan, D. S. (2023). Alash qairatkerlerinin ulttyq folklor zhaiyndagy gylimi oj-pikirleri [Scientific reflections of Alash figures on national folklore]. *M. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner institutynyn khabarshysy. «Keruen» gylimi zhurnaly — M.O. Auezov Institute of Literature and Art. Herald. “Keruen” scientific journal*, 8(4), 12–16 [in Kazakh].
- 9 Nabiolla, N., & Oshan, Zh. (2023). Qytaidagy qazaq folklori: Abylai khanga bailanysty tarikhii zhyrlar men anyzdar [Kazakh folklore in China: historical epics and legends associated with Abylai khan]. *Otan tarikhy — History of the Homeland*, 26, 3, 582–593. DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_2_582-593 [in Kazakh].
- 10 Atakhanova, N. A., & Ayapova, G. B. (2020). Folklorlyq muralardyn genezisi, tarikhilygy, zhanrlyq belgileri [Genesis, history, genre features of folklore heritage]. *Qazaq Ulttyq Universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philology Series*, 2 (178), 29–35 [in Kazakh].
- 11 Shakhazhanova, G. K. (2023). Galym S. Qasqabasovtyñ khikaialary turaly zertteuleri [Study on stories of scientist S. Kaskabasov]. *Toraigyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyq seriia — Bulletin of Toraigyrov University. Philology Series*, 1, 376–385 [in Kazakh].

- 12 Nuriman, B. T. (2022). Alemdik folklortanudagy «performans» (performance) teoriiasy zhane onyn turki folkloryndagy korinisi [The Theory of “Performance” in world folklore studies and its view in Turkic Folklore]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia Ul'tyq Universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 138, 1, 135–143 [in Kazakh].
- 13 Pangereev, A. Sh., & Baltymova, M. R. (2020). Balalar folklory dasturli madeniettin erekshe salasy retinde [Children's folklore as a special kind of traditional culture]. *Qaragandy Universitetinin Khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of the Karaganda University Philology Series*, 99 (3), 91–95 [in Kazakh].
- 14 Zhusipov, N. K., & Baratova, M. N. (2022). Akhmet Baitursynulynyn folklortanushylyq enbegi [Folklore work of Akhmet Baitursynov]. *Toraigyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyq seriia — Bulletin of Toraighyrov University. Philology Series*, 4, 110–117 [in Kazakh].
- 15 Sagynadin, G. S. (2023). Folklordagy sinkrettilik: zhanr zhane termin (A. Baitursynulynyn «Adebiat tanytkyshy» negizinde). [Syncretism in folklore: genre and term (based on A. Baitursynov's “literature guide”).] *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia Ul'tyq Universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 3(144), 179–187 [in Kazakh].
- 16 Satybaldin, A. S. (2023). Qazhym Zhumaliev'tin folklortanudagy izdenisteri [Kazhim Zhumaliyev's searches in folklore studies]. *Toraigyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyq seriia — Bulletin of Toraighyrov University. Philology Series*, 1, 308–320 [in Kazakh].
- 17 Zhusupov, N. K., & Baratova, M. N. (2023). Folkloristicheskaia deiatelnost uchenykh alash: Mashkhuur Zhusip Kopeev. [Folkloristic activity of Alash students: Mashkhuur Zhusip Kopeev]. *Vestnik Toraigyrov universiteta. Filologicheskaya seriia — Bulletin of Toraighyrov University. Philology Series*, 3, 87–97 [in Russian].
- 18 Zhusipov, N. K., Baratova, M.N., Zhusipov, E. K., & Kurmetova, A.A. (2021). Mashhuur Zhusiptin madeni murasy: anyzdar [Cultural heritage of Mashhuur Joseph: legends]. *Toraigyrov universitetinin khabarshysy. Filologiyalyq seriia — Bulletin of Toraighyrov University. Philology Series*, 3, 48–55 [in Kazakh].
- 19 Medeubek, S. (2024). Folklorlyq aqparattyn mani men manyzy [The essence and significance of folklore information]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia Ul'tyq Universitetinin Khabarshysy. Zhurnalistika seriasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*, 2 (147), 180–198 [in Kazakh].
- 20 Mataeva, A. K., Zhumagul, S. B., & Dalelbekkyzy, A. (2022). XX gasyrdyn sony XXI gasyr basyndagy qazaq adebiattanuy: adebiat tarikhyn zhanasha tanynda zertteudegi izdenister [Kazakh literary studies of the late XX century at the beginning of the XXI Century: Research in the study of the history of literature in a new way]. *Qazaq Ul'tyq Universitetinin khabarshysy. Filologiya seriasy — Eurasian Journal of Philology: Science Education*, 187, 3, 148–157 [in Kazakh].
- 21 Nuriman, B. (2021). Alemdik folklortanudagy «Folklordyn tort funktsiiasy» teoriiasy [The theory of the “Four functions of folklore” in World Folklore Studies]. *M. Auezov atyndagy Adebiat zhane oner institutynyn khabarshysy. «Keruen» gylymi zhurnaly — M.O. Auezov Institute of Literature and Art. Herald. “Keruen” scientific journal*, 3(72), 57–64 [in Kazakh].
- 22 Ashenova, A.T. (2018). Merzimdi baspasozde koterilgen folklordy zhinau maselesi [The problem of collecting folklore raised in the Periodical Press]. *Fundamentalnye i prikladnye issledovaniia: gipotezy, problemy, rezultaty — Fundamental and Applied Research: Hypotheses, Problems, Results*, 58–63 [in Kazakh].
- 23 Toibekova, S.R. (2021). Alkei Margulan — folklortanysh [Alkey Margulan — folklorist]. *M. Kozybaev atyndagy Soltustik Qaqazstan universitetinin khabarshysy — Bulletin of M. Kozybaev North Kazakhstan University*, 1(50), 184–187 [in Kazakh].
- 24 Rakhimov, Ye. R. (2024). Agartushy-demokrat G.N. Potanin zhane qazaq khalqy [Democrat-Enlightener G.N. Potanin and the Kazakh people]. *Medieval history of central Eurasia*, 4(6), 22–29 [in Kazakh].
- 25 Subkhanberdina, U. (Comp.). (1994). *Dala ualaitynyn gazeti. 1888-1902. Adam. Qogam. Tabigat* [Dala Region Newspaper. 1888-1902. People. Society. Nature]. Almaty, “Gylym” [in Kazakh].

Information about the authors

Makatova, Ayagoz Arturovna (corresponding author) — 1st year Doctoral Student in “Philology”, Faculty of Social and Humanitarian Sciences, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7758-4812>

Absadyk, Almasbek Akhmetuly — Professor, Doctor of Philology, Faculty of Social and Humanitarian Sciences, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan. E-mail: absadykov.aa@ksu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>

А.Б. Сайлаухан¹, Ж.О. Мамбетов², А. Кенжеқожаева^{3*}

^{1,3} *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;*

² *SDU University, Қаскелең, Қазақстан*

(E-mail: abilay.sailaukhan@gmail.com, zholdas_19@mail.ru, ak_bota555@mail.ru)

Бақсылық дәстүрдің аймақтық ерекшеліктері және құрылымдық сипаты

Бақсы институтының құрылымдық элементтері Ш. Уәлиханов еңбектерінде, генетикалық табиғаты А. Байтұрсынұлы зерттеулерінде ашып көрсетіліп, өткен ғасырлардан бері ғалымдар назарынан тыс қалмаған бақсылық сарынның түрлі қырлары мен өзіндік шығармашылық ерекшеліктері бүгінге дейін толық зерттеліп болмағаны белгілі. Зерттеудің мақсаты — әлем әдебиеті мен мәдениетінде әртүрлі сипаттармен, әртүрлі терминологиямен берілетін, түрлі халықтар мен ұлыс-тайпаларға, көне мәдениеттерге тән бақсылық дәстүрдің көрінісін бағамдау. Осы мақсатқа жету үшін Д. К. Зеленин, Г. В. Ксенофонов, А. В. Смоляк, Е. Д. Тұрсынов, Б. Абылқасымов, С. Ә. Күзембай, Г. Н. Ким зерттеулері басшылыққа алынды. Мақалада авторлар бірқатар беделді ғалымдардың зерттеулері мен ой-пікірлеріне сүйене отырып, әрі әдеби-мәдени контексте салыстырмалы талдау жасай отырып, қай халықта болмасын бақсылық ерекше құрметке ие өнер, қасиет болғанын тұжырымдайды. Расында жер шарына кеңінен тараған бұл көне мәдениеттің сілемдері бүгін де көрініс тауып жатқандығы, салттан өшкенімен санадан өшпей, қайта жаңғырып жатқаны көрсетілді. Негізгі бағыты — түркі халықтарына ортақ бақсылық дәстүрдің қалыптасуы, ұқсастығы мен айырмашылығы сынды мәселеге тереңдеу. Идеясы — бақсы өнерінің феномендік ерекшелігі мен көпқырлы функциясын көрсету. Осы бағытта ритуалдық сеанс, камлания, яғни бақсылық мистерия ғұрыптары сынды мәселелер қамтылып, өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы — бақсының қайталанбас дара сипатының түрлі халық мәдениетінде берілу жолдары мен тәсілдері сараланды; практикалық маңыздылығы — көне мәдениетімізді, салтымызды, оны бүгінге дейін жеткізуші өкілдерінің қызметін кеңінен түсінуге, танып-білуге септігін тигізеді. Бақсылық дәстүрдің түрлі халықтарда орындалуы, жүргізілуі сынды аймақтық ерекшеліктерін талдау арқылы халықтың наным-сенімдерінің тылсым сипатын ұғынып, тұрақты түрде қалыптасқан ритуалдық тәжірибенің біртұтас концепциясы анықталды. Нәтижесінде бақсы институтының көптеген мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері анықталды (қазақ, якут, нанай, ульч, бурят, тунгус т.б. халықтарындағы). Осылайша бірнеше мәдениет тоғысында зерделеу, әрқайсысының өзіне тән болмыс, бітім, ерекшелігін, мәнін, рөлін, маңызын таныту арқылы бақсылықтың адамзат мәдениетіне ортақ құбылыс екені дәлелденеді. Зерттеудің білім саласына қосылған құндылығы ретінде әр кезеңде бақсылық салтына жамалған, тағылған негативті сипаттардың негізсіз екенін, бақсы — табиғи дарынды тұлға, әлеумет өміріндегі рөлі ерекше екені зерделенгенін жатқызуға болады. Жұмыс нәтижесінің практикалық маңыздылығы — бақсылықтың барлық негізгі категорияларының қамтылып, көшпелі халықтардың рухани-әлеуметтік өміріндегі орнының негізделіп, осы бағыттағы басқа да зерттеулерге көрсеткіш, бағдарлама бола алатындығында.

Кілт сөздер: ритуалдық сеанс, атрибут, камлания (бақсылық мистерия), жын шақыру, кутуар.

Kipicne

Мақала шеңберінде түркі халықтарына ортақ бақсылық дәстүрдің қалыптасуы, ұқсастығы мен айырмашылығы сынды мәселеге тереңдей ену, індетте зерттеу — басты бағыт ретінде алынады.

Көне заманда пайда болған бақсылық — Азия (орталық, солтүстік, шығыс), Солтүстік Америка (*шушпан, апачи, винты, лилуэт, кахуил тайпасы, Юроков, Синкионе үндістерінде*), Африка халықтарында сақталған өнер. Оның бастапқы көріністері Австралия аборигендерінде байқалса; кейбір сілемдері венгрлерде кездеседі. Бұл дәстүр македондықтар үшін де жат емес [1] Көптеген ғылыми әдебиетте шаман деп берілетін бұл көшпелілер қоғамының саналы азаматтарының (*Е.Ази*) аражігін Ш. Уәлиханов «қазақтар шаманды бақсы дейді. Ол сөзді монғолша оқытушы, ұйғырлар бахшы десе, түрікпендер ақындарын бахшы деп атаған. Шамандар аспан тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде саналды. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ak_bota555@mail.ru

болған» деп ажыратып береді [2]. Бұл пікір қолдау тауып «бақсы тәңірінің сүйетін, жарылқайтын, аруақтың жарататын қолдайтын адамы. Ол әрі жыршы, әрі күйші, әрі дәрігер, әрі сәуегей. Қысқасы, оның білмейтіні жоқ деген наным болғандығы» пайымдалды [3; 42]. Ескерткіштерде әуелгіде аспан пайда болған, одан кейін жер жаратылған тұста оған иелік ету үшін Тәңірім түріктерді жаратқан деп жырланғандай, түркі халықтарының исламға дейінгі замандарда тәңірлік наным-сенім иесі болып, әулиелердің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне сенгендігін жоққа шығара алмаймыз. Бақсылық біздің дәуірімізге бәз-баяғы қалпында жеткен жоқ. Ол түрлі дүбірлі дүрбелең кезеңдерді басынан кешіріп, талай тосқауыл, кедергілерге жолығып, қудаланса да (*Өзбек хан, Ақсақ Темір, коммунистік билік тепкісінен өтіп*), жанкештілікпен бүгінге жетті. Қазақ топырағында өзіндік қадір-қасиеті бар бұл өнер көмейі бітелмей, жүйелі арнасын тапты деуге болады. Алғаш М. Жұмабаевтың «Қойлыбайдың қобызы» поэмасында жырланып, бақсыларға тән таңғажайып, адам сенгісіз дүниелер дәріптеліп (*сексеуілге мінген қобыздың 200 жүйріктің алдында келуі*) [4], бақсылыққа деген ғалым, зерттеушілер қызығушылығы артпаса, кеміген жоқ. Әлі күнге сырын ашпаған құпиясымен жеткен бақсылық — болмыста бар нәрсенің ұрпақ санасынан жойылмай, сан мәрте жаңғырып жеткенін дәлелдейді.

Әлем халықтары мен мәдениетінде түрлі сипатта және түрлі атаулармен көрініс тапқан, таралған бақсылық дәстүрдің мәнін ашу, оны әртүрлі халықтар мен ұлыс-тайпаларға, көне мәдениеттерге тән феномен ретінде қарастырып, салыстырмалы талдау жасауды мақсат ете отырып, адамзат тарихындағы көне құбылыс екенін пайымдадық.

Тылсым күш пен адамдар арасын байланыстырған бақсылар сарыны діни наным-сенімдер мен мистикалық танымға негізделіп, қоғамда ерекше әлеуметтік институт ретінде қызмет атқаратыны бүгінге дейін талданып, зерттеліп келеді. Ауру тәнге қуат беріп, дертінен айықтыратын бақсылардың қызметі арқылы адам мен табиғаттың, рухани әлем мен нақты болмыстың арасындағы қарым-қатынас, байланыс реттеліп отырған. Бақсылардың ел арасындағы беделінің күшті болғандығы жөнінде С. Сейфуллин Шыңғыс ханға қатысты аңызды келтіреді. Рухпен байланысқа еркін түсетін, керек кезінде оларға билігін жүргізетін бақсының рөлі жөнінде: «Теміршыңның шақырған ұлы жиналысында қалың топта отырған ру бастықтарының алдында шығып сөз сөйлеп, Теміршыңға Шыңғыс атты берген қоңырат руынан Көкше бақсы (*әр түні көкке ұшып барып, көк тәңірінен хабар алып отыратын қасиеті бар*). Көкше «Теміршыңның енді ұлы хан болуы керек, «көк тәңірінің» маған берген жарлығы бойынша Теміршыңның аты енді Шың-құс хан болады» [5] деген жазба бар.

Бақсылық — бір ғана халықтың дәстүрі, мәдени тәжірибесі ғана емес, адамзат өркениетіне ортақ құбылыс екенін дәлелдеу — өзекті мәселе. Осы бағытта бақсылықты бірнеше мәдениеттер тоғысында қарастырып, әрбір ұлт пен ұлыстың, қала берді тайпаның өзіне тән төл болмысын танытудағы рөлі мен мәнін, орны мен маңызын ашып көрсету — қажетті таным нысаны деуге болады. Демек, бүгінге дейін өткен заманның сарқыншағы, ескіліктің қалдығы саналып, танылып, қағажу көріп келген бақсылықтың түрлі (*шамандық т.б.*) халықтағы көрінісін зерделеу — мәдениеттер арасындағы сабақтастықты түсінуге мүмкіндік береді. Құпиясы мен жұмбағы мол бақсылық дәстүрін зерттеу мен тәпсірлеудің күрделілігін этнолог, антрополог В.И. Харитонова ескертеді [6]. Бақсылықтың өткен заманның діни қалдығы емес, қазіргі заманда да өмір сүріп, көркейіп, өркендеп келе жатқандығына корей еліндегі шаманизм дәстүрі дәлел. Корей профессоры Хван Рушидің (Квандонг университеті) мәліметінше, бүгінде Кореяда шамандар 100 мыңнан асады және олар *кангшинму* (қабілеті көктен берілгендер), *сесытму* (ата-бабасынан мұралыққа қалған) деп аталатын екі категорияға бөлініп, *кут* (наерим, чесу, нок, нэ) рәсімін жүйелі түрде өткізіп отырады [7; 44].

Осы мақсатқа жету барысында бақсылық феноменін әлемдік контексте қарастыру, бақсылықтың ұғымдық негіздерін талдау басты міндет етіп алынды. Бақсылықтың түрлі халықтар мен мәдениетіндегі көрінісін салыстыра отырып, бақсы бейнесінің көркемдік және этнографиялық тұрғыдан интрепретациялау зерттеу пәні ретінде алынды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы — түрлі мәдениеттер арасындағы бақсылық дәстүрдің әмбебап сипаты мен қызметін ашу болса; ұсынылатын гипотеза — аталған дәстүрдің түрлі мәдениетте ұқсас мазмұндық құрылымға ие, адамзат баласына ортақ сана көрінісі. Бұл еңбек өз кезегінде әдебиеттану, этнолингвистика, этнография, дінтану саласындағы ғылыми зерттеулерге үлес қоса алады. Және ұлттық руханият тамырын тереңінен тануға көмектеседі.

Зерттеуде көтерілген мәселе бүгінге дейін беделді этнограф, мәдениеттанушы, тарихшы, фольклортанушы, философ, әдебиеттанушы ғалымдар еңбектерінде түрлі қырынан зерттелген. Мақалада аталған құбылыстың бір ғана этнос шеңберінде шектеліп қалмай, салыстырмалы тұрғыда

карастырылуы — бұрынғыдан өзгеше әдістемелік ұстанымға негізделеді. Ол үшін Ш. Уәлиханов, Д. К. Зеленин, Г. В. Ксенофонов, А. В. Смоляк, Е. Д. Тұрсынов, Б. Абылқасымов, С. Ә. Күзембай, Г. Н. Ким, В. И. Харитонов т.б. зерттеулері негізге алынады.

Зерттеу әдісі мен материалдары

Мақалада бақсылық сарынының түркілік мәдениет пен әдебиетіндегі көрінісі, оның ұлттық мәдениеттегі ерекшелігі қарастырылады. Сонымен қатар қазақ бақсылық өнерінің тарихи, фольклорлық, көркемдік интерпретациялары талданады. Зерттеу барысында мәтіндік талдау, салыстырмалы-тарихи, мәдениеттанулық талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің материалдық базасы ретінде, сапалық материалдар: әлем әдебиетіндегі шамандық көріністер (мысалы, Сібір халықтарындағы), этнографиялық, фольклорлық, мәдениеттанулық еңбектер (М. Элиаде, Г.В. Ксенофонов «Шаманизм»), Д. Зеленин («Идеология сибирского шаманизма»), А. Смоляк («Шаман: личность, функции, мировоззрение, Е. Тұрсынов «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» еңбектері); сандық материалдар: зерттеу мақалада ғылыми әдебиеттегі 10-нан астам іргелі еңбектер мен мақалалар талданды.

Отандық ғылымда Ш. Уәлиханов бақсылықтың негізгі категорияларын толық қамтып, көшпелілердің өміріндегі бақсының рөлі мен мәніне, шығармашылық әрекетінің аспектілеріне, бақсылықтың құрылымдық элементтеріне тоқталса [2]; А. Байтұрсынұлы аталған өнердің генетикалық табиғатын, магиялық қуатын бақсы поэзиясы арқылы дәлелдейді. Ал бақсылық сарындағы сөз қуатын, өнердің өзіндік шығармашылық ерекшелігін, қазақ қоғамындағы әлеуметтік және рухани орнын М. Әуезов зерделесе [8]; бақсылықтың ұлттық музыка дәстүрі мен идеологиясының жаршысы болғанын С. Аязбекова [9] мен С. Күзембайлар бағамдаған [10]. Бұл — қазақ ғылымында бақсылық сарынның жан-жақты зерттелгендігінің көрінісі.

Нәтиже және талқылануы

Зерттеу барысында бақсылықтың әлемдік мәдениетте ортақ құрылымдар мен мотивтерге ие құбылыс екені айқындалды. Қазақ әдебиетіндегі дәнекерші, бақсы, ақын, болжаушы, абыз, сыншы, жырау, сал, сері сынды ауыз әдебиеті үлгілерін жасаушылардың байырғы өкілдерін тереңінен қарастырған ғалым Е. Д. Тұрсынов бақсы типінің шығуы, дамуы, өрбуі тарихын тамырынан ашып көрсетуді мақсат ете отырып, палеолит, неолит дәуірінен тарқатады. Автор бір ғана халық көлемінде шектеліп қалмай, ұланғайыр кеңістікті қамтып, Азия, Америка, Африка халықтарының тұрмыс-тіршілігімен байланыстырады. Соның ішінде ешқандай заңға бас иемейтін, құдай туралы түсінігі мүлде жоқ, барлығын «жындары айтып беріп отыратын» бақсы немесе сиқыршы деп аталатын типтің Алеут аралдары халықтарының арасында кездесетінін, тлинкиттер қоғамында да (Солтүстік Америка); Вьетнамның ит тұмсығы батпайтын қалың орманы түкпірінде тұратын мнонглер тайпасында «нджау» деп аталатын арнаулы бақсылардың болғанын жазады. Ғалым көрсеткен тайпа бақсыларының барлығына ортақ сипат — оларға көмектесетін жын, иелердің болатындығы.

Ислам дінінен бұрынғы заманда әулие тәрізді болған, қоғамдағы орны мен беделі жоғары бақсы типінің пайда болу, түрлі халықтар арасында кездесу сипатына талдау жасай отырып, ғалым қазақ фольклорлық мұраларын сақтап, таратушылар типтерінің ішінде генезисі жағынан ең көнесі — бақсы, ақын, сал, жырау екенін дәлелдейді. Бақсылықты жырға қосқан С. Торайғыров та оларды құдайдың тегін жаратпағанын, тұқыммен берілетінін, талай адамға өмір сыйлаған жақсылығын қазақтың ұмытпайтынын баса көрсеткен.

Ғалым Е. Тұрсынов бақсылардың шығармашылығы халқымыздың салт фольклорының күрделі де қызықты саласының бірі екенін негіздей отырып, «бақсы типінің шығу тарихын, бақсылар творчествосын зерттемейінше қазақ фольклоры тарихын анықтау мүмкін емес» деп [11; 51] деп ширек ғасыр бұрын кесіп айтып, қазақ фольклортану ғылымында бақсылар шығармашылығы салыстырмалы түрде жан-жақты зерттелмей, ырым фольклор ішінде алатын орны нақты көрсетілмей, негативті тұрғыда сипатталып жүргендігіне өкініш білдірген. Ғалым бақсы шығармашылығына кертартпалық көзқарастың қалыптасуына негіз болған нәрсені де алға тартады. Сондағы пікіріне назар аударсақ сөзінің де, пайымының да жаны бар екенін бағамдаймыз. Ол бақсылықтың пайда болу дәуірімен байланысты екен. Яғни, қазақ даласына ислам діні келгенге дейін кезең құбылысына бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарағанда оның бірқатар позицияларға жауап беріп, тенденцияларға ілесе алмайтыны белгілі. Сондықтан да автор бұл дүниеге әділ бағасының берілгенін қалайды. «Қандай болсын құбылыстың пайда болуы тарихын білмей тұрып, біз оның ішкі

мәнін де түсіне алмаймыз. Демек, өнердің қоғам өмірінде атқаратын ролін дұрыс бағалауымыз үшін біз оның ең ертедегі формаларын өте ұқыпты тексеріп шығуға тиістіміз» [12; 17] деген алғашқы қоғам өнерін зерттеуші А. Формозов пікіріне сүйенеді. Және өз позициясынан айнамай, бақсылардың емшілік міндеті, емшілік қызметінің дәнекершілікпен байланыстылығы, әскери бақсылар жөнінде толымды, тұшымды пікірлер айтып, өз концепциясын жоққа шығаратын мәселелерді де атап көрсетіп отырады.

Қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі бақсылықтың өрісі тарылуының ғалым Б. Әбілқасымов үш түрлі себебін көрсетеді. Оның біріншісі, 1868 жылы қазақ даласын билеудегі жаңа реформаларға сай шыққан ережеде бақсылыққа тыйым салынуы; екіншісі, ислам дінінің кеңінен тарап, молдалардың шарият заңына қайшы деп танығандығынан; үшіншісі, патшалық отарлау арқылы келген орыс медицинасының мұны ескіліктің қалдығы санап, қарсы шығуынан [13]. Бір ғажабы, осындай түрлі себептерге байланысты ғасырлар бойы қудалау көрген бақсылық әлі күнге халық санасынан, тарихи жадынан ұмытылған жоқ. Осының өзі — бұл дәстүрдің заманында халық арасында қадірлі дүние болғанын, сакральдық қасиеті тым тереңде екенін аңғартады. Бақсы сарындарының сюжеттік қабаттарына көз жүгірткенде магиялық ем рәсімдері жын шақыру жорасына байланысты атқарылатыны белгілі. Қанша жерден тыйым салынса да, осы жын шақыру рәсімінде бақсының сырқатқа дауа табатын, яғни емдейтін барлаушы, кеңесші жындарды шақырып (*Б. Абылқасымов*), адам баласының жанын алып қалатындығының өзі — бақсылықтың сан жылдар медициналық функция атқарғанын көрсетеді. Бақсының медициналық қызметі өткен ғасырдың басынан бастап зерттеу еңбектерде айтыла бастады. Ғалым К. М. Рычков бақсының басты қызметі — адам тәнін бұзатын жауыз күштермен күресе отырып, ауруды емдеу екенін айтса, В.И. Йохелсон сібір бақсыларын «қара шаман жауыз рухтар мен адамдар арасындағы дәнекер қызметін атқарады. Ол адамдарға ауру әкелген қара күштерді ауыздықтау, қуу арқылы емдейді» деп жазады [14]. Дәл осы ойды Ф. Кон дамытады: «бақсылар болмысынан тәуіп-дәрігерлер. Бақсының мамандығы — қара күштермен күресіп, адамзатқа араша түсу. Камлания (шамандық мистерия) кезінде бақсы аурудың жанын иеленіп алған жауыз күшті іздеп... соңында мақсатына жетеді: қара күш бір параға келісіп, аурудың тәнін босатады» [15; 70].

Айтылған мәселе жөнінде қазақтар егер әйел босану үстінде есінен танып қалса, бұл оның ішіне албасты кіріп кеткендігінің белгісі деп санайды. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов та жазып көрсеткен. Ал Сібір халықтарының түсініктері әрқилы болып келеді. Якуттар барлық ауру адам денесіне кіріп алған жауыз күштерден туындайды, ал оны емдеу шақырылмаған қонақтарды қорқыту мен тыныштандыруға байланысты деп санаса; буряттар жауыз күш өзі таңдаған адамның ішіне кіріп алып, оны қинап, дірілдетіп, азапқа салады да, өзі шаршаған кезде кетіп қалады, осы сәтте ауру тынышталып, дірілдегені басылады деп түсінеді; нанайлықтар (гольдтар) барлық ауру жауыз күштерден туады, ол адамның ішіне кіріп алып, қанын сорып, ішін кеміріп тастайды деп сенген [16; 714].

Бақсыны көптеген еңбектерде діни культті атқарушы деп түсіндіргенімен, оның негізінен жаратушыға, тәңірге сыйынып, аруаққа, жынға табынатынын, соған байланысты ғұрыптарды атқарушы екенін жоққа шығара алмаймыз. «Қазақ демонологиясы мен шаманизмдегі адамға қас, зиянкес күштер: дию, жын, пері, албасты, марту, үбе, обыр, жезтырнақ, сөрел, көнаяқ т.б. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән қастандық жасау жолдары бар. Соған орай зиянкестермен күресудің тәсілдері де алуан-алуан... Жын-шайтанның әсерінен болатын... сырқат түрлерінің көбін бақсылар психотерапиялық әдіспен (бақсының ойыны арқылы) емдеген, алайда олар қажет кезінде аллопатиялық, гомеопатиялық, хирургиялық әдістерді де қолданған» [17; 200-201].

Ғалым Г. В. Ксенофонов бақсыларды қиялға бай, адам психикасына ерекше әсер ету қабілеті бар, туа бітті импровизатор ақындар ретінде таниды. Сондықтан да камлание — драмалық мистерия, ал бақсы — жоқтан рух жасайтын талантты актер деп санап, олардың адамды сақтап қалатын қасиеті мен еңбегін жоққа шығармайды. Осы орайда автор бурят, алтайлық бақсылар символ-икона ретінде латын кресіне ұқсайтын, бақсының жан-дүниесін бейнелейтін қарулы кресті пайдаланатынын; ал якуттар мен тунгустарда бұл символдың «быарық» пішінінде (қоңыраудың темір кесіндісі) сақталғанын назарға ала отырып, христиандықпен ұқсастығын көрсетеді. Иисустың крест арқылы адамдарды емдеп, жын-шайтандарды қуғанын мысалға ала отырып, христиандықтағы кресті шамандықтың аналогы деп санайды. Және бұл ұқсастықтардың сырын генетикалық себептерден іздейді [18; 21]. Автор Сібір халықтарындағы бақсылықты ежелгі көшпелілердің жарасымды дінінің жәдігері деп есептеді. Г. В. Ксенофонов концепциясының ерекшелігі мен бірегейлігі оның діннің

дамуын төменнен бастап, әрқайсысын белгілі бір культтік жануармен және белгілі бір географиялық мекендеу ортасымен байланыстыра отырып, кезең-кезеңімен, жүйелі түрде қарастыруында деуге болады. Автор пікірінше, бақсылықтың пайда болуы көшпелі өмірдің белгілі бір кезеңімен байланысты.

Бақсылық өнерін кеңінен қарастырған ғалым «Культ сумашествия в урало-алтайском шаманизме (К вопросу об «умирающем и воскресающем боге») атты еңбегінде де бұл мәселеге қайта оралып, шаманизмнің сипаттарына тоқталады. «Оның генезисі мен дамуының анықтаушы факторлары ретінде табиғи жағдайларды, көшпелі мал шаруашылығын және негізгі жұмыс күші ретінде пайдаланылатын міністегі жануарлардың өзгеруін сөз еткен. Ауыр жұмыстан азап шеккен жұмысшы жануар культі кейін өліп, қайта тірілген шаман-құдай туралы мифке айналған. Автор бұл мифтің жылқы культімен байланысын бурят-якут бақсылығындағы ұқсастықпен және бақсы атрибутында «малшылық кәсіптің» көрінісімен сабақтастырады» [18; 31].

«Бақсылық ғұрыпты атқарушылар — аруақтар, жындар дүниесінің өкілдері. Олар жай жұрттың көзіне шалынбайды, болашақ бақсыға ғана көрінеді. Мұның жылдар бойы азап шегуі, арпалысуы — жоғары күш иелерімен араласуға дайындық белгісі, жай адамнан ерекше қасиет иесіне айналу процесі, яки инициациялық ғұрыпты атқару кезеңі. Бақсылық — жындардың бере салған оңай олжасы емес, еріксіз мойынсұнудан туған тер төгіс, қиын міндет, ауыр жүк» [11; 203]. Қазақта осындай жындарды бағындырған бақсы ретінде Қойлыбай, Көкше, Ақбақсы, Досмайыл бақсы, Ысмайыл (соқыр Нышан), Қазығұмар, Күнтуар т.б. бақсыларды айтуға болады. Мағжан поэмасындағы бақсы Қойлыбайдың бір емес, Көкаман, Ер Шойлан, Надыр-Шолақ сынды үш бірдей жынды бағындырғанын көркем шығарма өзегіне сіңдіріп жібергені белгілі. Өзіне сенімді, биік рух пен отты сенім иесі Қойлыбай өз жындарын бұлжымас темір тәртіпте ұстаған. Бәйгеге шапқанда сексеуілді сүйретіп, қобызды ұшырған шаңды дауыл мен қызыл жел осы Көкаман жынның күші еді.

Бақсылардағы басты ғұрып — рухтармен тілдесу; ол экстаз күйіне түскенде орындалатын камлания. М. Элиаде бақсылықты экстаз техникасының бір формасы ретінде қарастырған [19]. Төменгі Амур халықтары (нанай, ульч) арасындағы бақсылық дәстүрін зерттеген ғалымдар П. П. Шимкевич, И. А. Лопатин, Л. Я. Штернберг еңбектеріне сүйенсек, бақсылар аруақтың бар екеніне сеніп, оны өзіне бағындыра алған, камлания процесі кезінде жоғарғы және төменгі әлемге еркін өтіп, қара рухтармен күресіп, қуып отырған. Нанай және ульч халықтары арасында әйел де, еркек де бақсы бола алған және олар көп жағдайда тұқымқуалаушылық негізінде жүзеге асып отырған. Олар *аями* (бақсы көмекшісі) деп аталатын аруақтың көмегімен (*бақсы қожайыны өліп қалған соң, оның баласына емес, өздеріне лайықты деп тапқан адамына қонатын*) бақсы болғандарды *адацза сама* (*адацза*, яғни, «бөлшектен жасалған», «үстіне қойылған» деген мағынаны береді) деп атаған. Жалпы, Сібір халықтарының денінде: ненец, нганасан, кет халықтарында «әулеттік бақсы» деген ұғым кеңінен тараған, яғни бақсылық өнерді ата-бабасынан мұрагерлікке алған. Және олар мықты шаман өлген кезде, ізін жалғастыратын орынбасары қай тайпада туатын білмегендіктен, «көйлегімен туатын» сәбилерді *куа*, *коа* деп атап, олардан үлкен бақсы — *касат* шығады деп сенген. Олар да бақсылық жолдың қиындығынан, жылдар бойы тартатын азабынан қашып, бұл жолды ұстануды қаламайтындар көп болған. Зерттеушілердің көбі, бақсылармен тілдесу арқылы олардың көп жыл бойы ауырып, өздерін игере алмай, психикасы, ұйқысы бұзылып, жан-жағындағылардан жасыра алмайтын жағдайға жеткенде ғана көндігетінін жазады [20; 36-37]. Қара күштерді қуу, тазарту процесін нанайлықтар дуэнтэури деп атаған және оған қарсы пайдаланатын бірнеше атрибуттары болған (*ірі жоңқалар, түрлі аңдардың кескінін жасаған т.б.*). Негізінде кез келген адам бақсы бола алмайды және бақсылық ритуалды орындау үлкен шеберлікті, кәсіби дайындықты талап етеді [21].

Зерттеушілер нанай мен ульч бақсыларын бойларындағы күштеріне қарай жіктеген: ең әлсіз, әдеттегі орташа (емдей алатын) және ең мықты бақсылар. Ең әлсіз нанай бақсыларын — *мэпи-сама* (ульчтерде — *хойракачи*) деп атаған, олардың аруағы әлсіз болған. *Мэпи* сөзінің мағынасы — «өзін», «өзін емдеуші» дегенді білдірген. Рәсім жасағанда ешқандай құрал пайдаланбағандықтан *хаундараву* (аспапсыз бақсылық жасау) терминін қосып атаған. Ал ульчтерде *дякпаку-сама* деген термин кездеседі. Олардың ерекшелігі — көмекші аруақтары қара күштерден болған және адамдарға зиян келтіріп отырған. Бірақ олар өз ие бақсыларына бағынып, солардың айтқанын істеген. Көп жағдайда *дякпаку-самаларға* адамдар сақтықпен келіп, тек емі табылмаған, ауыр жағдайдағы науқастар ғана қаралған. Ал жоғарыда айтылған ульчтердің ең әлсіз, ауруды емдей алмайтын *хойракачи-бақсыларының* көмекшілері: *маси* мен *бучу* аталған. Емдей алатын ораша деңгейдегі бақсылар

таочини-сама немесе *сиуринку-сама* (ульчтерде *сулмэ* немесе *сиулмэ-сама* деп аталған). Бұл терминдердің мағынасы: *таочи*, *таоча* — 1) отты демеуші; 2) жөндеу, түзету. Зерттеушілер мағынасына қарай екі версияны да қабылдайды, Отты демеуші бақсы терминінің тамырын тереңге тартып, бақсы «өмірді демеуші» деп түсіндіреді. Ал түзетуші термині бақсының басты қызметі — емдеумен үйлеседі, яғни организмдегі ақауды қалпына келтіреді. Нанайлықтар *сиуринку* сөзін — емдеуші деп аударады.

Жоғарғы категория — *касат-бақсы* — *каса* аталатын үлкен салттарды жүргізіп, өлгендердің рухын ана өмірге апара алады. *Касат бақсы* немесе *хэргэнты бақсылар* адамзат баласына көмектесу мақсатында барлық функцияны атқарды: көріпкелдік те, камлания да балалар арасындағы өлімді азайтты, аңшылар мен балықшыларға, бала туа алмай жүргендер мен туатындарға т.б. көмектесті. Олардың мықтылығы сол — өлгендердің рухымен және аруақтармен еркін сөйлесе алды. Бақсылар камланияның гипноздық, психотерапиялық күшімен емдеді. Алдын ала хабар беретін рухтары мен перілері болып, шақыратын жынына қарай бақсылардың үлкен, орташа, ұсақ болып бөлінуі қазақта да бар. Албастының атасына қарсы шығып, екіқабат әйелді босандырып алған Қойлыбайды құтқарып қалған Надыр-Шолақ — соның дәлелі.

Аталған екі халықтың бақсылық өнеріне эвенкілер мен маньчжурлардың ықпалы болғанмен, мәдениеті жергілікті автохтонды қабаттан тұрды. Нганасандарда болмаса, нанай, ульчтерде қалыптасқан бақсылық мектеп болмаған, касат бақсылар экстаздың арнайы формасын пайдаланып, аурумен және аудиториямен тығыз байланыста болып, әрбір сөз бен әрекетті қатаң бақылауда ұстаған. Амур бақсылығының корей бақсылығымен ұқсастығы да жоқ емес. Бірақ Маньчжурия аймағындағы нанай, ульчтерден бірқатар айырмашылығы бар. Атап айтқанда, материалдық атрибуттарында өзгешелік бар (даурлар мүйізді және көкек суреті салынған бас киімдер киді; маньчжурлар құс бейнеленген, «мүйізді» бас киіммен қатар, юбка, сырт киім киіп, конустық кулондары бар белбеу тақты). Маньчжурлар қоғамында шамандармен қатар діни қызметкерлер де болды. Маньчжурлық бақсылар камланиясында көмекшінің рөлі күшті болса; нанайлықтарда тек эпизодтық сипатта болды.

Буряттарды бақсыларды жіктеу басқаша: ақ, қара деп бөлу қалыптасқан. Ғалым Л. М. Хингеева бақсылықты бурят халқының дәстүрлі діні, этностың мәдени кеңістігінің негізінде қарастырып, ақ және қара конфессияның болуынан дуалистік сипатқа ие болғанын, іштей бірнеше тармақтарға бөліну себебін көрсеткен. Ол өз зерттеулерінде бүгінде бурят халқын құрап отырған түрлі ұлттардың әлеуметтік-тарихи дамуы негізінде бақсылықтың дуалистік табиғатының генезисін тұжырымдауға талпынады. Осы бағытта ақ бақсылықты — этникалық топ көзқарасы деп берсе; қара бақсылықты — эхириттер мен хори-буряттардың көзқарасынан пайда болған деп пайымдайды [22].

Бурят халқындағы қоғамдық үдерістердің негізінде болған бақсылықтың бөліну теориясына қатысты қызықты ойды ғалым Т. М. Михайлов келтіреді. Тазалық пен биік мәртебенің символы саналатын ақ түстің әрқашан ерекше құрметке ие екені белгілі. Өздерін «ақ сүйек», қарапайым халықты «қара сүйек» санаған бурят қоғамының ақсүйектер табы өз қажеттіліктері мен талаптары үшін бақсылық корпус құру әрекетінің нәтижесінде ақ бақсылық пайда болды дегенді алға тартады [23]. Яғни халықтан шыққандар қара бақсы, өз ортасынан шыққандарды ақ бақсы деп тану қалыптасқан.

Бүгінгі таңда дәстүрлі бақсылық «неошаманизм» (қалалық бақсылық) деген жаңа интерпретацияға ие болып [24, 165], бақсылар өз қызметтерін жүзеге асыру барысында діни жоралғылар мен емшілікті ұштастырып қоюмен шектелмей, шығармашылық әлеуетін танытуға да ұмтылады. Мәселен, В. И. Харитонова «бақсылардың көпшілігі ғылыми іс-шараларға қатысу, шамандықтың психофизиологиялық күйлері мен өзгерген сана күйлерін зерттеу арқылы шаманизм феномені ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырысады» деп тұжырымдайды [25, 60].

Қорытынды

Зерттеу барысында бақсылық дәстүрдің түрлі (қазақ, якут, нанай, ульч, бурят, тунгус т.б.) халықтардағы құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері әдеби-мәдени контексте салыстырмалы түрде талданды. Авторлар аймақтық ерекшеліктерді талдау, саралау арқылы аталған этностардың дүниетанымдық ұстанымдары, сенім жүйесі, рухани болмысы сынды мәселеге бойлай алды. Нәтижесінде аталған құбылыстың тек емшілік емес, ритуалдық салт, мәдени концепция екені айқындалды. Өзіндік формаға ие бұл рәсімге ортақ мынадай сипаттар айқындалды: тылсым күш —

рухпен байланыс орнату, аспаптар қолдану, камлания процесінде транска ену, адамдарға рухани әсер ету. Бұл факторлар бақсылық институттың әмбебап сипатын көрсетеді.

Жұмыстың нәтижесі әдебиеттану, дінтану, этнография, мәдениеттану саласындағы пәнаралық ізденістерге негіз бола алады. Бақсылық — түрлі мазмұнда, түрлі сипатта, түрлі атаумен біздің заманымызға жеткен, көне мәдениет. Аталған дәстүрді ұлттық тектілікпен түйсініп, толғамды түйін жасау оңай дүние емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Obrebski J. Struktura społeczna i ritual we wsi macedonskiej. Dzisiejsi ludzie Polesia i inne eseje / J. Obrebski. — Warszawa: Wydawnictwo IfiS PAN, 2005. — 83 s.
- 2 Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар / Ш. Уәлиханов. — Алматы: Атамұра, 2006. — 304 б.
- 3 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихы / Б. Кенжебаев. — Алматы, 1948. — 200 б.
- 4 Жұмабаев М. Қойлыбайдың қобызы. Өлең / М. Жұмабаев // Кітапта: Қазақ бақсы-балгерлері / құраст. Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. — Алматы: Ана тілі, 1993. — Б. 94–96.
- 5 Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы / С. Сейфуллин. — Алматы: Қазықұрт, 2007. — 7-том. — 163 б.
- 6 Харитонов В. И. Заговорно-заклинательное искусство восточных славян: проблемы традиционных интерпретаций и возможности современных исследований (Этнологические исследования по шаманству и иным традиционным верованиям и практикам) / В. И. Харитонов. — Москва: ИЭА РАН, 1999. — 602 с.
